

1 2016

2092<sub>14</sub>

Рыскүл (Рысалды) Ершенова

# АҚЫН ДОСТЫН ӘЗІДЕРІ





**Рыскүл (Рысалды) Ершенова**

**АҚЫН ДОСТЫҢ  
ӘЗІЛДЕРІ**

*Семей қаласы  
2014 жыл*

УДК 821.512.122✓

ББК 84 (5 Қаз)

Е76

Пікір жазған У.Түкісов.

**Е73 Ершенова Р. «Ақын достың әзілдері» әдеби көркем жинақ – Семей,  
2014 ж. – 76 бет**

Назарларыңызға ұсынылып отырған «Ақын достың әзілдері» атты кітаптың авторы Рысқұл (Рысалды) Ершенова мамандығы бойынша медицина қызметкері. Солай бола тұрса да әдебиет өнерін ерекше зор бағалайды, ақындардың ел ішіне тараған әзілдерін жинақтаумен шұғылданады.

Ол Көкпекті ауданындағы М.Горький атындағы (қазір Ж.Шайжүнісов атында) қазақ орта мектебін 1968 жылы ойдағыдай бітіріп өмір өрісіне жолдама алды, әдебиет өнеріне сол кезден бастап айрықша көңіл бөлді. Бұл күнде қаламгер зейнеткерлік жаста, оның талай жылғы жинақтаған әзілдері осы кітапқа тоғыстырылған.

Әзіл- өмір шындығынан туындайды, ой тапқырлығының өрнектері болып есептеледі. Ақын Н.Серікбаев айтқан әзіл өлең шумақтарында тапқырлық сырлары өзінше түйінделген.


Жинақтың әдеби тілі құнарлы да көркем, өмірде болған оқиғадан алынған деректер екендігін айтқан жөн.

«Ақын достың әзілдері» атты кітап көпшілік оқырманға арналған.

ISBN 978-601-7195-78-6

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)





**Рыскүл (Ғысалды) Ершенова**

## ӨМІР ӨРІСІНДЕ

Міне, балалық, жастық шақтарым көз алдымнан тізбектеліп өтіп жатыр. Өмірдің ащы-тұщысын да, дәмін татып қиын-қыстау кезеңдерді де бастан өткіздім. Қиындыққа мойымадым, ағын суға қарсы жүзген кемедейін бәріне төтеп бердім десе де болады. Жас кезімнен еңбектеніп, әр нәрсеге төзімділікпен, шыдамдылық көрсетіп тырысып бақтым, еңбегім зая кеткен жоқ, соның жемісін көріп отырмын.

Өзіме келсем екі мамандықты меңгеріп, екеуінде де қызмет істедім. Бірі-ауыл шаруашылықта бухгалтер, екіншісі фельшер. Дәрі-дәрмек меңгерушісі, асханада диета тағамдарын тексеруші болдым. Халыққа қалтқысыз қызмет еттім. Еңбекте озат болып сыйлық алып, мақтау қағаздарымен марапатталдым. 1977-1983 жылдары Барлық-Арасан курортында мейірбике болып, көптеген адамдардың алғысына бөлендім. Арасан табиғаты, оның жұпар ауасы жанға шипа, дертке дауа. Ол жақтан Алматыға ауысуымның өзіндік себептері болды.

Өткен күндерге біраз шегініс жасайын. Он тоғыз жасымда бір гүлім ашылмай басқа босағаны аттадым. Кінәратсыз, таза адал ұрпақ дүниеге әкелдім. Ақ некеден тұла бойы тұңғышым Мұрат, одан соң қызым Гүлмира дүниеге келді. Екі баламның әкесі Ершенов Мұхаметкәрім (Тонан) деген азамат болды. Не керек менің тұрмысым сәтсіздікке ұшырады.

Екі баламен мүшелі жасымды жалғыз қалдым. Осы азамат менің алғашқы және соңғы күйеуім болды. Екі баламның тілеуін тілеп, солардың бақытты болып, оқуына, бір мамандық иесі болуына бар ғұмырымды сарп еттім.

Үлкен ұлым Мұрат ТВВСКУ (Тольятинское высшее военное строительно-командное училище) жоғары әскери оқуға түсіп соның соңынан, тәуекелге бел байлап, мен де Ресейге сапар шектім. Көрген азабымды айтып жеткізу қиын.

Қалың орыспен, мордва, чуваштардың арасындағы жалғыз қазақ әйелі болдым, олармен кейін де достасып кеттім.

1988 жылдың тамызында Польширо Тольятти қаласындағы синтез каучук заводының (Волжские Зори) пишеблогында диета тағамдарын басқарған кездерім еді. Қызым Гүлмира сол жердің сауда колледжіне оқуға түсті. Өз ауылымды, елімді сағынған кездерім де болды. Бірақ бәрін тастап қол сілтеп, кетіп те қалғым келді. Мені жіпсіз байлап тұрған балаларымның болашағы. Төңірекке қарасам басқа бір тылсым дүниеге тап болғандаймын. «Рысқұл шыда» деп өзіме-өзім жігер беріп қоямын. Сөйтіп жүргенімде балаларым да оқуын тәмамдап дипломдарын алып. 1992 жылы аман-есен Алматыға қайтып оралдық. Айта берсең бұл бір роман болар. Бәрін айтып жеткізу мүмкін емес.

Қанша қиыншылық көріп өсірген балаларым еңбегімді ақтады. Қазір Мұратымның кіндігінен үш қыз, бір ұл бар: Алуа, Ұлболсын, Аниса, Еламан. Алматыда тұрады. Подполковник, ұжымында беделді азамат, военком болып қызмет атқарады. Гүлмира Астанада «Жас ұлан» республикалық мектебінде бөлім бастығы, аға лейтенант. Екі жоғары дипломы бар білімді маман. Қызы Жанар Еуразия ұлттық университетінің студенті, ұлы Мирас қазір Н. Назарбаев атындағы зияткерлік мектепте оқиды. Гүлмира ұжымында сыйлы, қызметін тиянақты атқарады. Биік бедел иесі.

Енді міні, зейнеткерлікке шығып, балаларымның қызығын көріп отырмын. Бірнеше операциядан аман өттім, құдайға тәубә деймін.

Өзім ақын немесе журналист болмасам да досым Нәкен Серікбаевтың айтқан әзілдерін өзімнің қарапайым тіліммен жеткізудім.

Көзінің тірісінде жиналған әзілдердің, ол дүниелік болған соң шығады деп кім ойлады. Артында қалған балаларына,

жары Бақытжамалға қайғырып көңіл айтып, аман-сау жүрулеріне тілек тілегеннен басқа не қалды.

Бұл жинаққа кірмей қалған әзілдері де баршылық. Ойткені, Бақытжамал айтпақшы қай папканың, қай газеттің бетінде шыққаның табу өте қиын.

Сонымен жинақталған әзілдерді шығаруды жон көрдім.



## ЖЫЛДАР МЕН СЫРЛАР

Жастық кездегі адам өмірінің көгілдір көктемі алуан – алуан сырларға толы, оның әсері ұмытылмақ емес. Олар жылдар өткен сайын толығып, молая береді. Әрбір адамның өсу толы осылайша кешеден бүгінге жалғасын табары сөзсіз.

Біздің ұмытылмайтын жастық дәуреніміз Көкпекті ауданында өтті. Қазақ әдебиетіндегі алтын қазынаның бірі, отыз бір нұсқасы бар «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырында есімі аталатын құтты мекен Қалба тауын елдің бәрі біледі. Сол Қалба тауының күнгейін Көкпекті ауданы тұтастай жайлап жатыр.

Кешегі Кеңестер Одағының төңкерісінен бұрын бұл атырап қалың ормандай Қаракерей руының жазғы жайлауы болған екен. Себебі мұнда қыс өте қатты болады да, жазы шұбырыш өтетін жауыны көп болып келеді. Табиғаттың осындай ерекше қатал мінезін білген халық қыс түсе Тарбағатайдың Қаратауындағы жылы – жылы қойнауларын қыстау етіп паналаған екен.

Уақыт ағысы – өзгеріс әкелмей тұрмайды, енді мына тарихи дерекке назар аударайық. Сөйтіп, жазғы жайлау болған Қалба тауына біртіндеп ел отыра бастаған кез, Көкпекті – қазақ – орыс бекінісінің 1763 – жылы салынуы еді. Бұл патшалық Россияның қазақ жеріне отарлау саясатын жүргізген жылдар болатын. Жылдар қойнауына тарихы осылай алыстап кеткен Көкпекті одан беріде де талай өзгерістерді басынан кешірді.

Енді мына бір нақтылы дерекке көңіл бөлейік. Көкпектіде қазақ – татар медресесі 1900 – жылы ашылды. Сол медресе болған төрт бөлмелі ағаш үй 1920 – жылы Максим Горький атындағы бастауыш мектепке айналды, 1932 – жылы ол жеті класстық мектепке ауысты, 1933 – жылы бұл оқу орны орта мектеп болып жасақталды.

Осындай ұзақ – сонар тарихы бар оқу орны талай – талай толқындарға білім берді, шәкірттерін өмір өрісіне қанаттандырды. Олардың ішінде мұғалім, дәрігер, инженер, ғалымдар, ауыл шаруашылығының түрлі мамандары бар екенін атай кеткен де жөн.

Көкпекті ауданының орталығындағы осы тарихи мектепте біздер 1968 – жылы тамамдаған едік, содан бері де, міне қырық бес жыл уақыт өте шыққан екен. Біздер оқып жүргенде мектеп пролетариат жазушысы Максим Горький атында болса, қазір оған Социалистік Еңбек Ері, көрнекті педагог Жақия Шәйжүнісовтың есімі берілген.

Кешегі Кеңестер Одағының кезінде:

-Неғұрлым орыс тілін жақсы білсең, коммунизмге тез жетеміз!, - деген ұран болды ғой. Соның салдарынан елдің бәрі балаларын орыс мектептеріне берді, қазақ тіліндегі оқу орындарындағы шәкірттер саны көпе – көрнеу азайды. Бұл сияқты оқиғаның салқыны кезінде біздер оқыған мектепті де айналып өткен жоқ, сол жылдары шәкірт саны селдірегені рас еді. Қазір ол оқылықтың орны толыққанын алыста болсақ та естіп, біліп жүрген жайымыз бар.

Мектептегі жылдар – адам өмірінің ең бір тамаша кезеңі екені рас. Атақты ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Мен жігіт, он бес, отыз арасында,

Бұл жаста көп, бересі, аласым да.

Алдымда толған мақсат, толған таңдау,

Алайын мынасын ба, анасын ба?, - деп тебірене өлең жазып, өз ойларын қандай тамаша жеткізген десенізіші!

Осы кітаптың алғы сөзіндегі тіліне тиек, зерттеу мақалама негізгі арқау болып отырған ақын Нәкен Серікбаевтың әзіл өлеңдері, жоғарыда біздер деп сөз арасында аңғартқаным осы автор еді. Оның алғашқы «Домбыра», «Жаяу жарыста», «Жайлау таңы», «Жасыл жаз», «Ұлы адамға», (жазушы Максим Горькийге арналған) өлеңдері аудандық «Жұлдыз

газетінің бетіне 1966 – жылы 25 – сәуірден бастап жариялана бастады.

Дауысы естілгенде домбыраның,  
Арманым айдынында мол мұраның.  
Аққудай айдын – шалқар көлде жүзіп,  
Көңілге күй толқынын қондырамын.

Тәтті күй күмбірлеген жүрек тербеп,  
Тамырмен жайылғанда бойды кернеп.  
Сұңғыла сезімменен сезіне алсаң,  
Қиялға қайда шіркін ерік бермек?

Ақ таңның ерке ескен самалындай,  
Аралап мына жатқан даланы бай,  
Домбыра бұлбұл үнің тамылжысын.  
Көңілді қуанышқа бөлеп ұдай!, - деп жас қалам тырнақалды өлеңінде тебіренген еді.

Жас талапкер бастауыш сыныптан соң Бесқарағай ауданындағы Беген орта мектебінде, жоғары сыныптарда жоғарыдағы аталған қазақ орта мектебінде оқыды. Осындағы қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген мұғалім, «Ұлағат», «Асылдың сынығы», «Киелі жандар», кітаптарының авторы Бесқарағайлық Уәлихан Түкісов, Көкпектілік әдебиетші ұстаз Ғарифа Файзуллина өлеңді жаңа бастап жазып жүрген оқушы Нәкен Серікбаевқа ерекше әсер етті, ұстаздық ақыл – кеңестерін берді.

Осы тұста тағы бір айта кететін жағдай жас талапкер Нәкен Серікбаевтың алғашқы өлеңдері, есімі Республика көлеміне танымал айтыскер ақын, өмірінде отыз бір мәрте сөз сайысына түскен Қазақстан Журналистер және Жазушылар Одағының мүшесі Қалихан Алтынбаевтың талғам таразысынан өтіп, баспасөзге жарияланғанын ерекше атап

өткен жөн. Бұл ақынның талабы – зор, олпы – солпы өлеңге жол бермейтін қаламгер еді.

Бірде Нәкен мынадай бір әңгіме айтты, оның сол кезде шығармасы облыстық радиода эфирге шығатын, «Семей таңы» газетінде жарияланатын. Облыстық радионың редакторы Кенжехан Боқасовқа жолыққанда ол:

- Нәкен, бауырым, сен аса бай қазыналы ақынның жанында жүрсің, бұл Қалихан ағаң бұрынғы ескі жыраудың, шежіренің нағыз қайнар көзі, сен одан үйрен, қапы қалып жүрме, тіпті күнделік жаз, айтқан сөзінің бәрін бүге – шігесіне дейін тыңда, ойыңа сақта, - деп ақыл берген екен.

Сол Кенжеханды Нәкен автобуска шығарып салып редакцияға қайта оралғанда Қалихан оған:

Нәкен, мына Кенжехан ағаңды білесің бе? Бұл мықты журналист Ақтамберді ақынның ұрпағы ғой, шығармашылық ізденісі мол. Радио дегеніңіз материалдың жұты, соған төтеп беріп ұжымды басқарып отыр, - деп жылы лебіз білдірген екен.

Ұлағатты екі қаламгер ағаның бірін – бірі қалай білетінін, қалайша қадірлейтінін, кейінгі толқын ініге үлгі – өнеге етуін осы мысалдан аса айқын көруге, мазмұнынан анық байқауға болады.

Сонымен, бүкіл мектеп бойынша өлеңі газетке шығатын оқушы пайда болды. Ол бұдан бұрын жазушы Ғ. Мүсіреповтың, ақындар Қ. Аманжоловтың, Т. Жароковтың портреттерін қолмен сызып жүретін. Одан соң ол қолдан домбыра жасап, мектептегі домбырашылар оркестріне қатысты. «Кеңес күйі», «Би күйі», «Кісен ашқан», «Балбырауын», «Той бастар», «Айжан қыз» күйлерін мектеп сахнасында мереке сайын оркестрмен орындады.

Сол аталған домбыра оркестрінің мүшелері Қауаш(Қауария) Елеусізовқа (марқұм), Майра Қалисаттарова, Жәміш Қалиқұрманова, Нәкен Серікбаев, Төлеухан

Әмірғазин(марқұм), Райса Ерлібаева, Хакифа Хасановалар еді. Асхат Тойкин, Серік Торғаев жақын достары.

Аудан мектептері арасында алғаш құрылған бұл домбыра оркестріне жас мұғалім Ж. Молдаханов жетекшілік етті, оркестр мүшелерінің орындауындағы күйлер аудандық радио торабынан берілді, аудандық «Жұлдыз», («Звезда») газеттерінде мақалалар жазылды.

Сонымен 1968 – жылы біздер оныншы сыныпты ойдағыдай бітіріп, аттестат алдық. Сол соңғы қоңырауда кластасымыз Нәкен өзінің «Ұстазым», - деген өлеңін оқыды.

Бұл сәтті ұмытпаспын тірлігімде,  
 Ұқсаған жүзіңізді нұрлы күнге.  
 Өтсе де содан бері он жыл мерзім.  
 Есімде алғашқы күн тұр бүгін де.

Қызықты ай-жылымды бірге өткізген,  
 Қияға қиялымды өрлеткізген,  
 Ұстазым, өзіңіздей кім бар, шіркін,  
 Үйретіп мол білімді ер жеткізген?!

Шығарда жолдамамен ұлы өмірге,  
 Бекем болғай ауырға да жеңілге.  
 Деген ойлы сөздеріңіз шалқытын,  
 Бақыт таңын атырды ғой көңілге.

Алға бастап жамыраған жақсы үміт,  
 Осы күнді армандап ем асығып.  
 Енді тұрмын бәріндағы қия алмай,  
 Тасқын ойым әр арнаға жосылып.

Алыстайды бірге болған он жылым,  
 Елестейді көз алдыма алғы күн.

Мен аңғармай, мен аңғармай жүріппін,  
Қимастықтың сырын ұқтым дәл бүгін.

Жарасады бүгін менің шалқуым,  
Жұлдыздардың ағынындай қарқыным.  
Адамдықты, адалдықты қалаймын,  
Өмір бойы көтеремін ар туын.

Әлі де тиер маған көп көмегің,  
Қайтсем де борышымды өткеремін.  
Ұстазды ұға білген бақыт екен,  
Өмірдің бетке алғанда көп белеңін.

•  
30 – мамыр, 1968 – жыл.

Аудандық «Жұлдыз» газетінде өлең жарияланды.

Бұл өлеңді соңғы қоңырау салтанатында Нәкен тебірене оқып шықты, сапта тұрғандардың барлығы алақандарынан көгершін қанатын сатырлатып ұшырғандай қошемет көрсетіп қол соқты.

Кеудесіне Қалба тауының өрттей қызыл шұғынық гүлін құшақтай ұстап тұрған кейбір мектеп бітіруші қыздар көздеріне қимастың жасын алды. Ондай, толғанысты сәттер көңілден ұмытылар ма?. Бұдан әрі енді өмірдің жаңа белестеріндегі қаламдар басталғалы тұр ғой.

Енді осы сәтте екі жылға сәл шегініс жасайын. Тоғызыншы классты бітірердің көктемінде Нәкен менің ең жақын дос қызым Бақытжамалға өзінің ғашықтық көңіл күйін білдіріп өлеңмен хат жазып, оны өз қолымен көктемде тапсырды. Екеуміздің бұл «құжатты» жеке, құпия оқып шыққан соң көз көрмес, адам сезбес жерге тығып тастадық.

Ертеңінде түк білмегендей сабаққа бардық емес пе?. Нәкен үндемейді, біз де тымттырыспыз. Төрт -- бес күн өткен соң ол маған:

Бақытжамал, қашан жауап береді?, - деп сұрағанда мен;  
Асықта, - деп жауап бердім.

Сонымен ол асыққан жоқ, бір класта оқитын сүйген қызының жауабын күтумен болды. Сол күтудің де бір себебі шығар Нәкен ғашықтық өлеңді жазуды молайтты.

Ол:

Рысгүл, мынаны Бақытжамалға берші, - деп бір бет қағазға жазылған өлеңді өзге көзден таса жерде ұсынады. Мен де:

Ешкім көріп қоймасын, - деп қағазды қалтама лып еткіземін. Сөйтіп, жүріп өзім дос қызым Бақытжамалмен Нәкен екеуінің арасына хат тасып «почтальон» болғанымды сезбей қалдым ғой. Жастық кездегі бір сипатты істер осындай.

Сонымен мектепті бітірген соң жоғарғы оқу орнына аттанар сәт келді. Бақытжамал екеуіміз Семейге баруымыз керек. Нәкен болса:

Мен Алматыдағы КазГУ – дің журналистика факультетіне барамын. Соған құжат толтырып жүрмін, - дейтұғын.

Ақырғы аптада ол да:

-Семейге барамын, - деді әуелгі шешімін өзгертіп.

Сонымен Бақытжамал, Нәкен пединститутқа, мен №14 кәсіптік техникалық училищенің есеп қызметкері бөліміне оқуға түстім. Өмірдің жолы осылайша тарау болса да біздің байланысымыз ажырап, үзілген жоқ. Мен екі жылдық оқуды бітірген соң ауыл шаруашылығында жұмысқа орналыстым, тұрмысқа шықтым, ал, екі досым болса әлі студент еді.

Нәкеннің өлеңдері баяғысынша газеттерде шығып тұрды, оларды үнемі оқитынмын. Сол махаббат туралы өлеңдерін газеттен қиып алып:

Бақытжамал, міне көрдің бе? Нәкеннің мынадай өлеңдері газетке шықты, - деп оған хат жазатынымын.

Бір де мынандай оқиға болды. Келген почтаны қарап отырған едім, газеттің поэзия бетіне көзім түсті. Онда бірнеше ақындардың топтама өлеңі жарияланған екен. Ішінде Нәкеннің де өлеңі бар. Ол «Саған сенем», - деген өлеңінде:

Қиялым тұрған шақ бұл қияға өрлеп,  
Сен маған көрінесің бір алау боп.  
Мөп – мөлдір махаббатым, саған сенем,  
Сертіңе бекем болып тұрады - ау деп.

Ақ жарқын, күн – көңілің ойға бай тым,  
Жүретін алдындағы жолдар айқын.  
Мен барлық ықыласыммен саған сенем,  
Сен менің жүрегімді алдамайтын.

Күн келер қызығымен, шаттығымен,  
Көктемдер жабар қырды ақ гүлімен.  
Мен болсам, аяулы қыз саған сенем,  
Айнымас адал достық пәктігіммен, - деп тебіренсе, екінші бір өлеңіне «Бақыттың альбомын көргенде», - деген тақырып қойған екен, көз алмай оқып шыққаным бар.  
Өзіңнің сол бір кешкі қонағың ем,  
Ақтарып альбомыңды қарадым мен.  
Жаным – ау, ғажап екен ескерткішің,  
Сонау бір қайта айналмас бала күннен.

Бір жерден көрінді әсем балғын жүзің,  
Өзіңді көп аңсап ем жалғыз гүлім.  
Өткен кез еске түсті...  
Жыр арнадым.



Алғашқы махаббатым, таң жұлдызым!, - деп жазыпты. Бұдан да басқа өлеңдері бар екен. Бірақ, маған махаббат туралы осы екі шағын шығармасы көңіліме оттай басылғаны шындық еді.

Ол кезде яғни 1967 – 68 – жылдары қазіргідей сағаттап қарап отыратын теледидар жоқ. Ел интернет, факс дегеннен де хабарсыз, әйтеуір қазақ радиосын таңдайтұғын. Төл алудан жоспарын артығымен орындаған шопан, бақгашы, жылқышыларға шопандарға тойында сыйлыққа кілем, радиоқабылдағыш беріп мәз – мәйрам етуші еді.

Біздер мектеп оқушылары жаңа шыққан кітаптарды оқуға құмар едік. Ауыл клубында, аудан орталығындағы кино театрда жаңа фильм қойылса саған жаппай бару әдет еді. Егер ол фильмнің жарнама тактайына: «Он алты жаска толмағандарға көруге болмайды», - деп жазылса онда ешкімге рұқсат жоқ болатұғын. Сонымен айналдыратынымыз көркем әдеби кітаптар махаббат туралы әңгіме, повесть, романдарды кезектесіп оқимыз.

Солардың ішіндегі махаббат достық туралы қанатты сөз, нақылдарды альбом мен қойындәптерімізге көшіріп жазып алушы едік. Менің жазбаларыма да көп нәрсе жинақталды. Солардың бірнешеуін қазір де жазғанды жөн көрдім, мұндағы сезім толқындары кешегі балдәурен кездегі ойлардың сәулесімен ұшғасып жатыр ғой.

1 – Жаңа ғашық болған шағында ой да жаңғырған тәрізді.

**Мұхтар Әуезов.**

2 – Сүйген жүрек адал жүрек есептесуді білмейді.

**Сәбит Мұқанов.**

3. Махаббат – ыстық сезім, бірақ оған ақыл, естілік әмірші болуға тиіс.

**В.А. Сухомлинский.**

4 – Қыздың қатаңдығы мен талап қойғыштығы бар жерде жігіт нағыз еркек болып шығады.

**В.А. Сухомлинский.**

5 – Мөлдір кіршіксіз алғашқы махаббаттың алғашқы сәті ынтызарлықтың жоқтығы емес, өзін – өзі көрсетуден сескеніп жатқан ынтызарлық. Алғашқы махаббат осыдан басталады.

**В.Г. Белинский**

6 – Әлем ырғақтарының тұтқасы – махаббатта.

**А. Данте**

7. Адамға деген сүйіспеншілікпен жылынған жүрек мәңгі сақталады.

**Ғабиден Мұстафин.**

8 – Махаббат – өмірдің өлең – жыры, жарық күні...

**В.Г. Белинский**

Иә, жастықтағы жиған – тергендер альбом мен қойындәптер бетінен осылайша орын алды. Жоғарыда кітапты кезектесіп қызығып оқыдық дедім ғой. Сол шығармаларды сабаққа әкеп жасырын оқитын кез де болды. Егер ол кітапты мұғалім көріп қойса, алып алатұғын.

Бұдан былай сабақ үстінде оқымаймын, кітапты қайтарып беріңізші, - деп өтініп ұстаздан әңгіме жинағын әрең дегенде қайта алған кезіміз талай болды...

Сонымен Нәкеннің өлеңдері газетке шығып тұрды. Бірге оқыған автордың жазғандары тонның ішкі бауындай жақын ғой. Оның үстіне ол ғашықтық өлеңін менің ең жақын досым Бақытжамалға арнап жазатынын анық білемін емес пе?!

Мен сол газетке шыққан өлеңдерді қиып жинап аламын да ауылдағы жаңалықты айтып Бақытжамалға жіберемін. Өлеңнің екінші бір данасын іздеп тауып аламын да альбомыма жапсырамын. Сөйтіп, қарадан қарап жүріп, осындай жұмыс тауып алғаным бар.

Осылай күндер бірінен кейін бірі өтіп жатты. Нәкен Көкпектідегі «Жұлдыз» (Звезда) газетінде істеп жүргенде 1975 жылдың тамыздың бірінші жұлдызында екеуі шаңырақ көтерді, әке – шешесінің қуанышында шек жоқ. Енесі

Бақытжамалды «ауызымды ашып сүйгенім, көзімді ашып көргенім» деп аса қатты жақсы көрді.

Сол шаңырақтың ұйытқысы болып, бақыт силады. Жылдардағы жастық өмір жылжып өз ағысын тапты.

## 2. Сүт көже

Сонау, 1976 жылдың жаз айы. Турамшылап салатын ет таусылып қалған соң зайыбы Бақытжамал түскі асқа сүт көже жасады. Оттан жаңа түскен астың ыстық болатыны белгілі.

Тәлеңкеге құйылған көженің буы бұрқырап тұр. Нәкен қасықпен ішейін деп еді ыстық. Сонда ол көшеге қарап отырып:

Жартысы сүт, жарымы су,  
Өзінен бұрқырап тұр бу.  
Осындай тамақты пісірген,  
Бақытжамал неткен қу, ту, ту!,- депті.

## 3. Шекенің сорпасы

Соғым басының шекесін ұзынсары келгенде асамыз деп сақтап қойған. 22 наурызда күн мен түн теңеледі, одан соң белең алып күн бірте-бірте ұзара бастайды. Міне, сол мезгілді қазақта «ұзын сары»- деп бейнелеп айтатыны бар. Ондай кезде адамдар дәмді тамақ ішуі керек.

Бұрынға уақытта сол күн ұзарғанда өрісте сарғайып отар баққан қойшылар малын көрші ауылға жақындатып барып «ұзын сарының» сыбағасынан да дәм тататын болған екен.

Сол күн ұзарған сәуір айының соңына таман Бақытжамал соғымның шекесін асты, оның жанына усарымсақпен қоса тұздалған сүрі еті қоса салынды.

Қазанда қайнап жатқан астың иісі сезіліп, тәбетінді ашады. Ақыры шекеден бұрын ет пісті. Сөйтіп отырғанда Нәкеннің жуналист жолдастары келе қалмасы бар ма?

Жаңағы піскен ет желінді, сорпа ішлді. Ертеңінде әлі катқылдау деп кінә тағылған шекеге жаңадан су құйылды, от жанған плитаның үстіне қайта қойылды.

Соны көрген Нәкен:

Екі күн бұл шекені пісіргелі,

Байқұсты от үстінен түсірмеді,

Екінші қайнаған бұл сорпасының

Дәмі жоқ су татыды, ішлмеді..

#### 4. Қайран бата

Семейдің педагогикалық институтындағы қазақ тілі мен әдебиеті факультетін 1972 жылы бітірген Нәкен Серікбаев Көкпекті ауданының «Үлгілі малшы» совхозындағы Абай атындағы орта мектепте мұғалім болып жұмыс істеді. Сол кезде қызметтес болған Ермек Теміржанов, Мұхамадияр Айжақсин, Сейпіш Садықов, Төкен Асылханов деген достарымен әлі де байланыс жасап тұрады. Бұрынғы облыстық «Семей таңы» газетіндегі журналистермен бірге Нәкен Серікбаев жоғарыдағы аталғандардың ішінен Төкен Асылхановтың үйіне барады. Досы үйінде екен, жамырай амандасқан соң: - кешке карай жақсы келдіңдер, малға бата жасаңдар, - деді, Төкен қорадан бір қойды алып келіп.

-Қайтесің соймай-ақ қой дегенге болмаған соң қонақтың үлкені Асылбек Қожахметов бата берді. Сол-ақ екен Төкен әлгі қара қойды мал қораға қайтадан енгізіп жіберді. Өзі тығызтаяң бір шаруамен көше жаққа кетті. Бұл арада зайыбы Алтын қазан көтеріп ас әзірлеп жіберді ғой, Төкен сол күйі жоқ. Осы жағдайға байланысты ақын Нәкен Серікбаев:

Құдайы қонақ болып келгенде,

Малға бата жасаңдар деп

Еркі алдыға қоймады.

Ықылас білдіріп едік ақыры,

Сол қойын қайта қораға

Жібере сап, соймады.  
Не оны тірідей берген жоқ,  
Осындай қазақты көргем жоқ,  
Келген қонақ өкінді:  
-Қайран батам-ай!,- деп,  
Жіберген қатем-ай!,- деп.

Осы әзіл шумақты ауылдағы халық театрының режиссері, актер Төкен Асылхановқа ақын Нәкен арнаған екен.

### 5. Шындықты мойындау

Ақын Нәкен Серікбаев кейінгі жылдары Көкпекті аудандық әкім аппаратындағы ішкі және әлеуметтік сала бөлімінде тілдерді дамыту басқармасында, жалпы бөлімде бас маман болып істеді. Сонда қызметтес болған әріптесі Ратбек Арынов, запастағы милиция майоры, ойын ашық жасқанбай тура айтатын пікір иесі. Кеңестер Одағы тарап, оның қайраткерлерінің ескерткіштері орнатылған жерінен алынып жатқан кез. Көкпектідегі халық театры атағы бар мәдениет үйі жанындағы Ленин ескерткішін алу үшін автоқранды пайдаланып, адамдар екі күн әуреленді. Соны көрген Ратбек ағасы Нәкенге:- Өкімет құлады, оның көсемдерінің керегі не? Тәуелсіз қазақ елі болдық. Ескерткішті баяғыда алып тастау керек еді,- деп айтқан екен.

Сол ағасының үстелі үстіндегі күнтізбенің бір парағына Нәкен ақын: -

Тұғырдан Ленин құлапты,  
Құлағанын Лениннің  
Ратбек мырза ұнатты.  
Телефон шалып жан-жаққа  
Сүйіншіні сұрапты,  
Сүйіншіге сабазың  
Бірталай мал құрапты.  
Орыстың бәрін көшірмей

Аяқты кең көсілмей

Тыным таппайтұғын сияқты,-

деп әзіл жазып қойған екен.

Сол шумақты оқыған Ратбек ағасы алғашында:

-Өй, мынауың не, бүйтіп жазба,- депті.

Жазылар шумақ жазылды, Нәкен үндемеді. Ратбек аға шаруаларымен тағы да бір жаққа барып келіп әзілді қайта оқып:

-Әй, Нәкен мен жаңағы айтқан пікірімнен қайтып тұрмын. Мына жазғаның дұрыс. Шындық қой, бәрі шындық,- депті.

Бұл әзіл шумақтың жазылуына осындай себеп бар еді.

## **6. Бала шешеге қанық, әкеге танық**

Сервис колледжінде істейтін Серік Торғаев, Мұқан Асқаров, Нұрлан Сыдықов, Ғабдінұр Бектеміров және ақын Нәкен бас қосып қалды. Өңгімені өрбітіп, барлығын аузына қаратып отырған Бекен Көшкінбаев. Ол бұрынғы ішкі істер бөлімінде қызмет атқарып, содан кейін зейнеткерлікке шыққан. Қазір де жұмыстан қол үзген жоқ. Бекен өз баласының бір жақсылық істерін айтып болған кезде Нәкен:

- Бекен, сол сенің балаң емес сияқты- деді, сонда Бекен:

- Қойыңызшы Нәкен аға, нақ өз балам, қалай менікі емес?- деп таңдана сұрақ қойды.

Жоғарыдағы аттары аталғандар тыңдап тұр, үндемейді. Сәл үнсіздіктен соң Нәкен:

-Бала шешеге қанық, әкеге танық,-деген ескі нақыл бар, соны саған айтып әзілдеп отырмын, қайтер екен деп.

- Е, құдайым-ай! Сеніп қалсамшы, расында естімеген сөз екен,-деп күлді.

Сонда Нәкен ақын:

-Сен сияқты қазақ тілін білмей, орыстың арасында өскен жоқпын ғой,- депті.

Бекен:

-Ол енді шындық,- деп басын изеп күлді.

### 7. Қытықтаса да қозғалмай...

Жүргенге жөргем ілінеді, немесе ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық,- дегендей ақын- журналист Нәкен Серікбаев таңертең сағат алтыдан тұрып алады. Радио тыңдайды, жазуын жазады. Мектептегі жұмысынан кеш оралып, шаршап келген зайыбы Бақытжамал күн демалыс болған соң жайырақ тұрмақшы болып жата береді. Отағасы оған:- тұрмайсың ба?- дейді, онда үн жоқ. Біршама уақыттан соң оған тағы да жоғарғы сөзді айтса, тіпті түк сезбегендей, қозғалмастан жата беріпті. Нәкен мазалағаннан мән жоқ екенін түсініп, бір парақ қағаз алады да:

- Әй, Бақыт

Қатырдың ғой ұйықтап жатып,

Рахатқа батып.

Жан тыныштықтың дәмін татып.

Түрегелуді ойлан,

Өтіп барады уақыт.

Әй Бақыт,

Ерте тұрғанның ырысы артық

Жалықтырдың ғой жатып-жатып

Елдің әйелі әуелі базарда жүр,

Пайдадан көз жазбай,

Ал сен болсаң жатысың мынау,

Қытықтаса да қозғалмай,- деген осы өлеңді жазады да, Бақытжамалдың жастығының астына қояды да, өзі есік алдына сыртқа шығып кетеді.

21.04.2004 жыл.

### 8.Ескерту

Қазақ тілі қоғамының төрағасына Нәкен жолығып, сұхбаттасады, анау мандытып ештеңе айта алмай тілін шұбарлап сөйлегенде:

- Қарағым, сен өзгені де, қойыртпақ сөзді де сақау етіп жібермесең жарар еді,- деп ескерту әзіл айтыпты.

### 9. Тұзы дәл екен

Нәкеннің үйіне күйші досы Серік Нұрсейітов келеді. Оны қонақ еткенде жүз грамм да ішледі. Дастархандағы соғымнан қалған сүрі етті жеген сайын Серік:

- О, тұзы дәл екен – деп қояды. Сары майға қасығын салса да, сол сөзді айтады. Ол кеткен соң ақынның зайыбы:

- Серік тұзы дәл екен деп неге айтты?! – деген ойға келеді. Қуырдақтың дәмін көрсе, удай ащы. Тұздалған сүрі етке тағы да тұздық салынып кеткенін сонда бірақ білді.

Ал Серік болса ащыны ащымен басты ғой. Нәкен оған:

- Тұзы дәл екен,  
Бетінде май екен.  
Оны сүйсініп жеген,  
Серік те нар екен, – деп әзілдепті.



## 10. Орынды ұсыныс

Ақын журналист Нәкен Серікбаев аударма жасап отырады. Жазба қағазда: «Құрметті қонақтар, сіздер Семей жеріне, ақын Абай, Шәкәрім, жазушы Мұхтар туған ұлылар мекеніне келдіңіздер», - деген сөйлем бар екен. Нәкен сонда жанында отырған әріптестеріне мына сөйлемді оқып береді де,

- Сіздердің аты – жөндеріңізді де осы кісілердің соңына қоса салайын ба? , - деп әзілдегенде олардың ішінен Нұрмұхамбет Нұрбаев деген ағасы:

- Бізді қайтесің? Мына менің досым Ілияс Құнанбаевты қоса салуыңа толық болады. Қазақтың екі ірі ақынының біріндегі есімді, біріндегі фамилияны жалғыз өзі иемденіп жүр ғой, - деп әзілге әзілмен ұсыныс жасаған екен Нәкен қаламгерге.

## 11. Тез біткен ерегес

Сервис колледжі оқу орнынның кіре берісінде күзетші, топтың жетекші мұғалімі, әкімшіліктен біреу кезекшілік етеді. Сағат 11-де үлкен үзіліске отыз минут беріледі. Сол кезде мұғалімдер де, оқушылар да ауқаттанып алады. Мұғалімдер Талғат Түсіпов, Бауыржан Абдрайымов, Хафиз Самиев, Қайырбек Құлатаев және ақын Нәкен бесеуі бірге тамақ ішеді. Үстел үстіне тамақ қойылып жатыр. Хафиз бен Қайырбек кезекші.

- Тездеп, тамақ ішіп, төменге түсуіміз керек Хафиз. Біз екеуіміз кезекшіміз ғой, - деді Қайырбек. Оның бұл сөзіне Хафиз былқ еткен жоқ.

-Өзім асықпай тамағымды ішіп бірақ барамын. Оқушыларым кезекшілігінде тұр, - деді. Оның бұл сөзіне Қайырбек күйініп кетті. Сөзден сөз шығып екеуі аяқ астынан ерегесті де қалды. Бұлардың ащы тілдесулерін жанындағылар тындап отыр. Не айтарларын білмейді, үндемейді. Оларға

мына екеуі жуық арада татуласпайтындай көрінді. Сонымен бәрі тамақтана бастады. Бір кесе шайды ішкен соң, қатар отырғған Хафиз бен Қайырбек түк болмағандай сөйлесе бастады, жаңағы түстері бұзылғаннан ныспы жоқ, өздері күлімсірейді. Сол көріністі байқап отырған Нәкен Талғатқа қарап:

- Ерегес жап-жақсы жылдам басталып еді, тез бітіп қалғаны – ай! , - деп әзілдеп айтқанда тамақ ішіп отырғандардың бәрі ду етіп күлісті.

## **12. Күзетші болуды армандадың ба?**

Нәкеннің бір жолдасы Семейде қызмет арқарды, одан соң Бородулиха, Көкпекті, Бесқарағай аудандарында май заводының тұрмыс қажетін өтеу комбинатының директоры болып қызмет істеді. Содан барып зейнеткерлікке шықса да, бір мекемеде күзетшілік жұмысты атқарды.

Ол екі-үш жолдасымен әңгімелесіп тұрған еді. Содай бір сәтте Нәкен оған:

- Әй, досым! Сен облыс аудандарында үлкенді-кішілі мекемелерде өмір бойы директор болып істедің. Өзіңе бір сұрағым бар:
- Шыныңды айтшы, осы бала кезде күзетші болуды армандадың ба?, - деп әзілдей сұрағанда, ол жауап берудің орнына қолын сермеп, күле берді де: - Қиын сұрақ, - деді мәз болып.

## **13. Сен қайсы соғысқа қатысып едің?**

Редакцияның жұмыс бөлмесінде Нәкен Серікбаев мақала жазып отырғанда оған таныс келіншек Салиха келді. Амансаулықтан соң ол:

- Кеше «Ұзын бұлақ» совхозының орталығында Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлеріне арналған «Көгілдір алау»

кеші болды. Оған Тұрсын атам Өзбековты да шақырған еді, ол кісі жолда шаршаймын деп бара алмады. Оның орнына мен барып қайттым, кеш қызықты өтті, - деді Салиха жаңалықты айтып.

Оның сөзін тыңдап отырған Нәкен:

- Атаның шақырылғаны дұрыс, бара алмағаны өкінішті. Ал, сен ол кешке баратындай қайсы соғысқа қатысып едің?, - деп қалжың сұрақ қойғанда келіншек жауап бере алмай күле берген екен.

#### **14. Әйелімен қоса...**

Нәкенге бір жолдасы:

- Сенің байланыс жасайтын адамдарың көп қой. Мен бір арзан бағаға саяжай алайын деп едім, соны ескере жүрші, - депті.

Нәкен оған:

- Жарайды, - деген екен. Ол сұрастырады. Жолдасы айтқан бағаға саяжай табылмайды. Бір – екі айдан соң жолдасы хабарласып:

- Нәкен, қал-жағдай қалай? Анау күнгі мен айтқан бұйымтайымнан не хабар бар?, - деп сұрағанда оған Нәкен:

- Саяжай бар, бірақ әйелімен қоса сатады екен. Сен айтқан бағадан, әрине, қымбаттау болады, - деп қалжың сөзді әдетінше араластырыпты.

#### **15. «Мойылдыға» барғанға**

Тоқырау жылдары аяқталып, нарықтық экономика өз киындығын әкелді. Шаруашылықтар тарады, кәсіпорын, мекемелер қысқарды. Сол кезде Семей облысындағы аудандық газеттер де қаусады, бюджеттен бөлінетін қаржы жоқ. Ақыры амал таусылған соң облыстық «Семей таңы» газетінің ішкі парағынан пана тапты.

Көктекті аудандық «Жұлдыз» («Звезда») газеттері де сондай тағдыр кешті. Редакцияның самсап отырған ұжымы қысқарды, облыстық газеттің ішкі парағында бір бетке шығатын аудандық газетке екі – екіден ғана журналисті қалдырды. «Жұлдызда» - М.Әңкебаев пен ақын Нәкен, ол аудан әкімшілігінде бас маман болып істеп жүрген, журналист жоқ болған соң мына жұмысты уақытша атқарды, «Звездада» - Р.Өрісбаева.

Еңбекақыны «Семей таңының» редакциясынан алады. Газеттің басты жұмысының бірі – баспасөзге жазылуды қарқынды жүргізу. Сол қиыншылық кезде елде ақша жоқ болғандықтан газетті малға, астыққа жаздыру қолға алынды. Көктектіге осы коммерциялық сала бойынша «Семей таңынан» Асылбек Қожахметов өкіл болып бекітілді.

Алғашқы жылы еңбекақыны әкеледі, мал мен астықты машинамен алып кетеді. Кейінгі бір жолы еңбекақыны әкелген жоқ өзге шаруаны бітірді де:

- Келесі аптада тағы осында боламын, сонда айлық ақшаны ала келемін, - деп сендірді.

Уағдалы күн де болады. Асылбек жоқ келмейді. Содан кейін Нәкен «Семей таңының» редакциясына телефон шалса, Рахметолла алып амандасады.

Нәкен: - Асекең қайда? – деп сұраса ол:

-«Мойылды» шипажайына демалуға кетті, - дейді.

-Енді мына малды кім келіп алады, - дегенде

-Келген соң алады ғой, - дейді.

Осы жағдайды білген соң ақын Нәкен қаламдас ағасына:

Жинамай сиырды да, қойынды да,

Асеке, неге кетті «Мойылдыға»?

Біз жүрміз Семей жаққа жаутаң қағып,

Сізге қой «Мойылдыда» сойылды ма?, - деп әзіл арнады.

## 16. Қара сөмке

Ақын Нәкен Серікбаев 1968 жылы Көкпекті ауданындағы М.Горкий атындағы мектепті бітіріп, Семейдің Н.К.Крупская атындағы пединституттың қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түсті. Аталмыш бөлімде 27 талапкер білім алды. Тұрғазы Әмірғалиев, Қайса Есмұратов, Қыдырбек Әміренов, Мырзахмет Баяхметов төртеуі жатақханада бір бөлмеде тұрды.

Бұрынғы Шығыс Қазақстан облысы, Ақсуат ауданынан оларға жерлестері келеді. Студенттік дәурен деген қызықты кез. Тұрғазы, Қыдырбек, Нәкен өлең, Мырзахмет әңгіме жазады. Қайса ән шығарады, олардың тұрған бөлмесінде домбыра, баян, скрипка, мандолина – музыка аспаптары болды.

Оларды білетін басқалар:

- Музыкалы бөлме, - деп атайтын.

Аталған жігіттердің ішінен Нәкенге Бесқарағай, Көкпекті аудандарындағы мектепте бірге оқығандар көп келетін. Солдарды көрген жанындағылар:

- Өзі әр жерде оқыған жақсы екен ғой, - десетұғын.

Бірінші курстың екінші семестріндегі кезде Мырзахмет оқуға бармай, институттан шығып кетті, келесі жылы келіп қайта бірінші курсқа түсті.

Сол бұрынғы қалыптасып үйреніп қалған әдетінше Нәкен, Тұрғазы, Қыдырбектер бірге тұрды, олар екінші курста оқиды. Олар Мырзахметке әзілдеп:

-Молодойсың, бірінші курстасың ғой, - дейтұғын.

Бір демалыс күні Нәкенге Кәлімбек Мүлікбаев Көкпектіден, Төкен Нұралдин Бесқарағайдан жерлестері келе қалмасы бар ма?. Сол аптада Мырзахмет бөлмеде кезекші болатын. Дүкеннен азық әкеледі, шай қояды.

Жерлесі келіп қалған соң Нәкен Мырзахметке әзілдеп:

- Молодой,  
 Айтқан тілді ала ғой.  
 Қара сөмкені алдағы,

Гастрономға бара ғой, - деп бір шу мақ өлең арнады.  
 Сол өлең студенттер арасында ауызша тарап кетті.

### 17. Төс ала кел...

Алматыдағы медициналық колледжді тамамдап жас маман болған Жанар Ахметова дипломын алып келе жатқанда, оны жездесі Нәкен Серікбаев Жалғызтөбе станциясынан машинасымен қарсы алды. Оның оқу бітіргеніне апайы Бақытжамал ерекше қуанды, өйткені ол он бір баланың кенжесі еді.

Осы тұста:

- Кенже баланың зоры, не қоры, - деген қазақ мақалы еске оралады.

Бұл пікірді айтқанда Нәкен:

Сол Жанар баланың зоры ма деп ойлаймын, өйткені әкесі Әйкен (Айтмағамбет) атамыз оның үйіне алдымен баратын. Қатар көрші отырған біздің үйге Бақытжамал тамақ дайындап, шайға шақырып барғанда келуші еді. Содан соң асықпай таяғын әл-қуат етіп Жанардікіне баратұғын. Сол кезде ол кісі жетпіс бес жастан асқан болатын, - деп еске алады.

Жанар демалыс күндері Көкпектіден автобуспен шығып, «Сұлуталдағы» үйіне барып қайтып жүреді. Сондай сапарға дайындалып жүрген Жанар балдызына Нәкен:

- Мен «Сұлутал» ауылына күйеу баламын ғой. Оның сыбағасы – төс деген ас. Сыбағамды ала кел, менің баруға қолым тимей жүр, - дегенде ол: үйде қойдың төсі бар ма еді деп ойлағандай болады.

Солай болмағанда қайтсін, күйеу жігіттің сыбағасы қойдың төсі екенін біледі. Үйленгенде оны күйеудің өзі

турайды, алдымен шершеулері кесіледі, үстіндегі майы жоталап туралады. Төстің басындағы имегін бөліп алады, оны бөлмесе аты сүріншек болады деген де ырым бар. Соларды еске алып тұрған Жанарға Нәкен ақын:

-Ол төс тауыктікі ме, қой, жылқы, сиырдікі ме, бәрі бір, әйтеуір маған төс әкелсең болды, - деп әзілдейді екен.

## 18. Күшті картожник болар едің

Ақын Нәкен Серікбаев сервис колледжіде мұғалім болып жұмыс істейтін Қайырбек Құлатаев, Ғабдынұр Бектеміров, Мұрат Сүлейменовтармен әңгімелесіп отырды. Ол сөздің бір реті келгенде айтыс ақындарының өлеңдерін жатқа айтады, өзінің жазған туындыларын да жатқа айтатұғын әдеті бар.

Оның сөзін тыңдап отырған жоғарыдағы аталған алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Қайырбек:

- Нәкен аға, карта ойнайсыз ба?, - деп тосын сұрақ қойғанда ол:
- Жоқ, карта ойнамаймын, - деп жауап қайтарғанда, Қайырбек:
- Сіздегі мынадай есте сақтағыштықпен күшті картожник болып шығуға болады ғой, - дегенде Нәкен:
- Ондай жетістіктің керегі жоқ, бұл пайымдауына рахмет, - депті.

13.12.2005.

## 19. Кім айтысқа бара жатыр?

Нәкеннің бір өлең жазатын жолдасы болды. Соған ол:

- Сен айтысқа түс, домбыра шерте аласың, ән айтатын әжептәуір дауысың бар, - дегенде жолдасы:

- Менде ондай өнер жоқ, айтыс сахнаға шықпаймын,-деп азарда-безер болды. Сонда Нәкен:
- Міне, ақпан айы. Алдыда наурыз мейрамы соған арналған совхоз аралық ақындар айтысы болады, соған дайындал, міне біздің үйдегі дастарханнан дәм татып отырсың ғой. Талаптану керек,-дегенде ол біраз ойланып барып:
- Көрейін,-деді, оған Нәкен:
- Көргенді қой, дайындал, жеңсең мықты сыйлық бар,-деп қадап айтты.

Сол сөз қуат болды ма Сейсен айтысқа дайындалды. Көп кешікпей келген наурыз мейрамындағы айтыста ол екінші орын алды, сыйлыққа ие болды. Осыдан кейін-ақ ол құлшына бастады. Аудандық облыстық айтыстарға қатысты, әрқилы жүлделі орындарды иеленді. Соған бір кездесіп бас қосқанда Нәкен ақын:

- Кім айтысқа бара жатыр?
- Сейсен ақын кетті
- Кім айтыстан жеңіліп келе жатыр?
- Сол Сейсен ақын, деп айтамыз ғой енді,- деген әзілді айтқанда:
- Мынауың мен ғой ешкімге айта көрмеші Нәкен, елге тарап кетеді, кейбір қу ауыздар мазақ етеді-депті.

## 20. Кімді сүзем

Көкпекті ауданындағы №16 кәсіптік –техникалық училищеде Нәкеннің досы Сейсенғазы Қанапиянов математика пәнінің мұғалімі болып ұзақ жыл еңбек істеді, шахматты, дойбыны, тоғызқұмалақты жақсы ойнады, таңертең бес шақырым қашықтыққа жүгіреді, қыста өзен суына түсетін морж, өлеңді жақсы жазды, оқу ағарту,



мәдениет саласында ой қозғаған мақалалары газетке жарияланып тұратын.

Бір жылы күз айының соңғы кезінде Нәкен сол Сейсенғазы досына барды, аман-саулықтан соң ол:

-Кеш келіп қалғаның-ай, шаруашылық бақша өнімін жинап алғалы бір аптадай болды, десе де барып көрейік,-деді. Екеуі машинамен бақшаға барды, оның әр жерінен екі қапқа жуықтау орамжапырақ (капуста) жинап алды. Қайтарда Нәкен Сейсенғазыны үйіне апарып салғанда ол:

-Токтай тұр,-деп белгі берді де ас үйге қарай беттеді, оның ішіндегі қаптан орамжапырақтарды машинаның есігін ашып сала бастады, қайта кетіп тағы әкелді. Сонда оған Нәкен:

-Ой, Секе болады енді әкелмей-ақ қой,- десе ол:

-Жеке жегенде мүйіз шыға ма?- дейді,

Нәкен оған:

-Шықса шығатын шығар,-десе Сейсенғазы:

-Шыққанмен кімді сүзем?,- деп сұрақ қоя күлгенде

Нәкен:

-Құдайдан үмітің бар, шыға қалса сүзетін кісі табылады,- деп қалжыңдасқан екен.

## 21. Қайта сату.

Нәкен Серікбаевтың редакцияда бірге істейтін қаламдасы болды. Ол мерейтойға арналған құттықтауды, еске алуды жаздыруға келген адамдар тілегін орындап өлең жазады, қаламақысын алады. Оның біреуге жазған өлеңін кейінгі келгендерге көшіріп құнын алатын әдеті тағы бар. Соны байқаған Нәкен Серікбаев:

Ақын боп табанда өлең шығарады,

Жоқ, бардан құттықтауы құралады.

Онысы төртаяқтап тұралайды,

Имансыз бір жазғанын қайта сатып,  
Көбейтті күлдібарам дұбараны.

15.03.2001 жыл.

## 22. Үйдегі диалог

Бақытжамал:

-От жағайық, отырамыз ба қоқшақтап?

Нәкен:

-Жылынамыз ғой от жақсақ

Бақытжамал:

-Енді жазу жазып отыра бересің бе?

Нәкен:

-Иә, отыра берем,

Отынды мол сақтап,

Оны жақсам,

Қазір терлейсің моншақтап.

03.05. 2009 жыл.

## 23. Ақын Сіләм

Журналист Н.Серікбаев аудандағы Теректі ауылына іссапармен барды. Колхоздың бас зоотехнигі, өзінің досы, ақын Сіләм Қонақаевтың жер қазып картоп салып жүргенін көрді. Сонда ол:

Аймаққа аты шыққан өлең жазып,

Ақын Сіләм жүр, міне, жерді қазып.

Жайлауда зоотехник май жеуші еді,

Осы күнде болды оған картоп азық,- деп бір шумақ өлеңді қағазға жазып, келген үйдің баласынан беріп жібереді.

## 24. Ала дорба

(«О, ала дорба, ала дорба сені қалай жақсы көрем!» Бұл Бауыржан айтқан сөз, содан төмендегі айтыс өлеңі жазылды.)

Бауыржан:

Сүйкімді көрінесің ала дорба  
Өзінді сыйламауға шара бар ма?!  
Тостырып аптасына бір келесің  
Толтырып азығынды балаларға.

Ала дорба:

Бәрінде амансың ба, балашықтар?  
Шәкіртке білім берген ойы ашықтар.  
Мұрттыңда, мұртсызың да сүйкімдісің  
Көтеріл биіктерге әрі асып дәл.

Бауыржан:

Сөзіңіз қандай жақсы ала дорба,  
Дәміңіз қуат берді тұла бойға.  
Арқауы-ас адамның дегендейін,  
Шығармыз ептеп-септеп қияларға.

Ала дорба:

Ойпыр-ай бұл Бауыржан не дейді ойбай?,  
Әлсіреп ептеп-септеп түгі қалмай,  
Отызда орда бұзып тас жаратын,  
Кезің ғой барлығыңда тұрсам ойлай.

Бауыржан:

Жүрер кез отызда бұл орда бұзып,  
Әрине өтіп жатыр талай қызық.

Екі жүз бесте өзіңе қараймын мен,  
Келгендей қайын жұрттан көзім сүзіп.

Ала дорба:  
Дұрыс-ақ өлеңінді айта бергін,  
Бітірген екі оқуды бәйтерегім  
Ішіме сары кастроль салмай келсем,  
Сен осы сол бір кезде қайтер едің?!

Бауыржан:  
Ойпырым-ау, ондай жайды қалаймын ба?  
Онда сен түсіресің талай мұңға  
Тегінде дорба деген бос жүрмеген,  
Тамақсыз құрғақ қасық жалаймын ба?

Ала дорба:  
Өлеңді көп айтсам мен жалықтырам,  
Солардан рухани нәр ұқтырам.  
Бауыржан көңілінді көтере бер  
Бұл үйге саулы інгендей келіп тұрам.

Н.Серікбаев  
02.12.2011ж

## 25. Құдағиға сұрақ

1972 жылы Нәкен Серікбаева Семейдің педагогикалық институтындағы қазақ тілі мен әдебиеті факультетін тамамдады. Ол кезде кәсіптік техникалық училищеден бастап жоғарғы оқу орнын бітірген жас мамандардың бәріне жұмысқа орналасу үшін жолдама беріледі. Ол сол кездегі Шұбартау ауданының Жорға деген ауылына бөлінді, бұл

мекен облыс орталығынан киыр шет еді, оған автобус жүрмейді, айына бір рет вертолет кана қатынасады.

Нәкен оқу бітірген курстастарымен бірге облыстық оқу бөліміне барды, барлығы жан-жаққа алдын-ала бөлініп қойылған. Әріптестері сияқты жолдаманы Жорғаға дейін жету үшін берілген сексен сомды да қолға тигізді. Жоғарыдағыларға Нәкен:- мен Жорғаға бармаймын деп айтқан жоқ. Барлық шаруасы біткен соң Көкпекті ауданына кетті де қалды, қуын қарашы өзінің. Әкесі Қалиолла аудандық оқу бөлімінің бастығы Замаш Қасымовқа барады, аман-саулықтан соң:- газеттерге өлеңі шығып жүрген үлкен балам Нәкен оқуын бітіріп келген еді. Өзін сонау Шұбартау ауданының Жорға деген жеріне жұмысқа бөліпті, сол жерге жету үшін сексен сомды да алған екен. Жоғарыдағылар жіберген жерге бармасандар сендерге іздеу саламыз, жалақының қаржысын да қайтарасындар деп ескерткен екен. Сол балама осы ауданнан жұмыс табылса жақсы болар еді, барлық бұйымтайым осы, Замаш бауырым,-дейді Қалиолла. Оның сөзін ден қойып тыңдаған оқу бөлімінің бастығы Замаш:

-Балаңыздың оқу бітіріп келгені қайырлы болсын Қалеке!-деп, орнынан тұрып оған қол беріп құттықтады. Бұдан соң ол сөзін әрі жалғап ақынды басқа ауданға жіберуге болмайды, ол сонда орнығып қалып қояды емес пе? Қазірдің өзінде Нәкеннің Көкпекті және махаббат туралы жазған бір кітаптан астам өлеңі баспасөз бетінде жарияланды. Оқуына қоса өлең жазу да еңбек, жас маманға орын табамыз, Қалеке!-дегенде ол оқу бөлімінің бастығына қатты риза болды.

Сол кездесуден көңілді оралған Қалиолла зайыбы Нұржамалға:

- Мен Замаш бауырға барып келдім, ол осындағы мектепке мұғалім болып жұмысқа орналасады,- дегенде үй анасы да қатты қуанды. Әкесінің орнына мал бағып кеткен

Нәкен кешке үйге оралды, ол ата-анасының қуаныштарын жадыраған жүздерінен, жылы шырайлы қабактарынан білді. Кешкі шайды ішуге отырғанда анасы Нұржамал жадырай сөз бастап:

- Нәкенім сен осы Көкпектідегі мектепте мұғалім болып істейсің, әкең барып бастыққа жолығып келді. Енді үйімізге үш еңбекақы кіреді,- дегенде шәй ішіп отырған кесесін үстел үстіне қойған әкесі Қалиолла:

- Балам, келесі аптаның дүйсенбі күні түстен кейін оқу бөлімінің бастығы Замаш бауырға барлық документтерінді алып барасың,-деді сөзін аяқтап.

Әкесінің айтқан уақытында Нәкен аудандық оқу бөліміне келді. Қабылдау бөлмедегі хатшы қыздан ол:

- Бастыққа кіруге бола ма екен,- деп рухсат сұрағанда ол бөгелместен:- иә, болады деп жауап берді. Нәкен есік қағып бөлмеге кіре, бастыққа сәлем берді, бастық ұсынған қолын алып амандасты да:

- Ә, келіп қалдың ба бала, қане документтерінді көрейік,- деп оларға тездете көз жүгіртті. Содан соң ол:

- Жөн, жөн бауыр. Сен енді сентябрь айынан бастап, Абай атындағы орта мектепке мұғалім болып барасың, бүгіннен бастап бұйрық шығарамын,-дегенде Нәкен:

- Ағай, осындағы Максим Горький атындағы мектепте орын жоқ па? Абай атындағы мектептің қайда екенін де білмеймін ғой,- дегенде оқу бөлімінің бастығы Замаш Қасымұлы:

- Ой, оны қайтесің? «Максим Горький» кеше оқыған мектебің емес пе? Сондағы сабақ берген мұғалімдер өзіміздің оқушымыз деп онда-мұнда жұмсап маза бермейтұғынын білемісің? Сондықтан, Абай атындағы мектепке барғаның жөн. Ол осыдан сексен шақырым жердегі «Үлгілі малшы» совхозының орталығында. Сондағы мектеп директорына

квартира тауып беріп көмектес деп тапсырма беремін, - дегенде Нәкен:

- Жарайды аға, - деді.

Оның бұл сөзді айта қоюы тегін емес еді. «Үлгілі малшы» совхозы сексен шақырым жерде. Көкпекгіден Жорға 900 шақырым алыс. Абай мектебіне бармасаң бастық «орын жоқ» деп айтып қалуы мүмкін ғой деген ойлар көңіліне келгенде Нәкен жүрегі дүрсілдеп кетті. Ол бұл жағдайды ешкімге білдірген жоқ.

Кластасымыздың мынандай да әдеті бар. Ең жақын деген досы оған ағыл-тегіл сырын жасырмай айтып жатса тыңдайды, мұның қызық екен деп те қолқаламайды.

Енді жан тартқан сол адамға Нәкен әрі кетсе өзінің құпиясының тоқсан бес пайызын ғана айтатын әдеті бар, аузы берік. Бір мақсатты шындап ойға алса, содан айнымайтын тақыстығы да жеткілікті. Даладағы оқиғаны үйге, үйдегіні сыртқа түгелдей баяндап жая бермейді, тиістісін ғана айтады, қалған қажетсіздер сол бетінше іште қалады. Ойлап тұрсаң бұл да оның бір ерекшелігі тәрізді.

Сонымен Нәкен Абай атындағы орта мектепте мұғалім болды, сегізінші сыныпқа сабақ берді, жетекшілік қоса тапсырылды, төртінші сыныпта да дәрісі бар.

Сегізінші сыныптағы оқушылардың мінез-құлқы өзгертін ауыспалы кезеңі ғой. Нәкеннің сыныбындағы балалар да солай совхоз фермаларында тұратындар бірде келсе, бірде төбесін көрсетпеді шығарды. Орталықтан келген дайын көлікке отырмай эспенсуді шығарды. Олардың бұл істері сынып жиналысында қаралды.

-Көкенов пен Исабаев сен екеуің сабақтан көп қалдыңдар, енді бұл кемшілік қайталанбауы керек, - деп ескерту жасады.

Ол бұл оқиғадан соң сабаққа үзбей келіп жүрді, одан соң шегесі қайта босап біртіндеп сабақтан қала бастады емес пе ?

Сынып жетекшісі әуелде шаруашылықтың №1 фермасында тұратын Қ.Исабаевтың ата-анасына жолықты. Одан қайта айналып орталықтағы Көкеновтың үйіне барса ол есік алдында бір топ баламен доп ойнап жүреді. Үйдің іші-сыртында көп кісі бар.

Оқушының ата-анасын біреуден шақыртып алады да, келген шаруасын айтады. Сол сәтте дереу әкесі мұғалімге:

- Баламның апайы тұрмысқа шығып жатыр еді, ол соны сылтауратып бармай жүр ғой. Енді мұндай жағдай қайталанбайды, қарағым. Шешесі екеуіміз толық қадағалаймыз. Андай-мұндай ескертуің болса, күнделігіне жазып жібер, оның құлағын бұрап аламын. Қарашы өзінің мұғалімін соңынан жүргізіп қойғанын,-деп ұлына ренішін ашық білдірді.

-Ал, енді қарағым, Нәкен үйде құда- құдағилар отыр, дастарқаннан дәм татып кет,- дегенде баланың әкесіне Нәкен:

- Қазір бір сағаттан соң түстен кейінгі оқушыларға сабағым бар,- десе отағасы болмай-ақ қойғаны, ақыры оның көңілін жықпай Нәкен үйге кірді.

Отағасы біздің баламыздың мұғалімі,- деп таныстырды отырғандарға.

Дайын дастарханнан дәм татып бір кесе шай ішкен соң Нәкен кетуге рұқсат сұрағанда:

- Той үстіне келіп қалдың ғой, мұғалім жастарға тілек айтып мына жүз граммды алып қой. Содан кейін рұқсат, жұмыстың аты жұмыс емес пе,- дегенде отағасы:

- Дұрыс, дұрыс, әйтпесе кетпейсіз – деді өзі ән салып қызыңқырап алған құдағи.

Бірінің сөзін бірі тоспай еселей сөйлеп, күліп көңілденіп отырған топтан құтылу оңай емес екенін білді, Нәкен. Оған іште-іш деп қолқа салушылар да көбейіп кетті. Сол сәтте Нәкен орнынан тұрып:



- Мен жастарға бақытты болыңдар деп ақ тілегімді жаңа айттым, баршаңыз тындадыңыздар. Енді мен сіздерге бір сұрақ қояйын:

Құда мен құдағида сыр көп бекем,  
Бұл тойда соның бәрін тіркеп өтем.

Нанменен арақ деген қатар тұрса,

Қайсысы екеуінің үлкен екен?,- деді Нәкен. Сонда төрдегі құда-құдағидан бастап дуылдап отырғандардың барлығы сап тыйылып :

-Әрине нан үлкен-десті.

Сонда Нәкен:-Ендеше нан жеймін, қызықтарыңыз жалғаса берсін, сау-саламат болыңыздар,- деп үйден шығуға ыңғайланғанда:

- Мұғалім дұрыс айтты, сөз тапқанға қолқа жоқ,- деген дауыстар да естілді.

## 26. Тосол немесе арақ шығар

Көкпекті ауданында табиғат мінезі өте қатал, қысы аязды, түтеген бұрқасыны ат құлағын көрсетпейтін боранды болса, жазы нәсерлеген жауынды болады. Толағай деген аңызды таудың бұлт шалса болды, жаңбыр құйыла берді деңіз...

Көкпектінің орталығын осы аттас өзен қақ жарып ағады. Ақпан айының 40 градус аязды күні еді. Нәкен бір жолдасымен дөңестен түсіп келе жатқан болатұғын. Олар алдағы жаққа көз салса біреу өзеннен жалаңбас өтіп бара жатыр екен. Нәкеннің жанындағы жолдасы одан:

- Анау кісінің басы тоңбай ма?- деп сұраса ол:

- Ой, оның басында тосол немесе арақ шығар- деп жауап беріпті.

### 27. Халық жауы.

Бақытжамал мен Нәкеннің институтты бітіргеніне 40 жыл толған кездесу 2012 жылдың 30 маусымында болды. Оған қатысуға мен Астанада Семейдегі достарымның үйіне екі күн бұрын келдім.

Мен көп уақыт қалада болмаған соң Бақытжамалды ертіп алып аралаймын. Жаздың күні ыстық қапырық. Ол үйге де кіріп кеткендей сезіледі. Содан сыртқа шықсам алма ағаштың түбіндегі көлеңкеде тақайдан жасалған орындық бар екен. Самал жел сәл-сәл есіп тұр. Бел жазып, соған жата кеттім. Біртүрлі рахат, көзім ілініп кетсе керек, сол қалпымды сырттан көрген Нәкен қасында Бақытжамалы маған келіп, бір кішкене қағаздан мына өлеңді оқып берді:

Бұл Рысқұл үйден таппай тұрақты,  
Сыртта жатып дем алуды ұнатты  
Жалғыз тақтай үстінде ұйықтап жатыр  
Қорлық көрген «халық жауы» сияқты.  
Ой күлгенім-ай сасқанымнан оған:  
- Қайдағыны айтасың –деппін-ау.

Сөйтсем ол содан біраз уақыт бұрын «Ардагер тұлға» деге кітап жазыпты. Соның негізгі кейіпкері Шерияздан Фахрутдинов танымал азамат еді. Оның саяси қуғын-сүргін кезінде жазықсыз «халық жауы» болған тұсын сипаттағаны есіне түсіп кетті ме екен, маған жоғарыдағы шумақты әзілдеп арнады.

### 28. Қой бағу

Нәкен қойдың кезегін бағып келе жатқан бір жолдасына жолығады. Ол оған бұрылып амандасып:

- Қабағың пәс қой өзі – десе, анау:  
-Қой баққан оңай ма- деп жауап берді. Сонда Нәкен оған:  
«Асық ойнаған азар,  
Доп ойнаған тозар.  
Бәрінен де қой бағып,

Көтен жеген озар».  
 Деген нақыл бар ғой,  
 Соған назар аудар- депті.

### 29. Амангелді сері

Нәкеннің Амангелді Нұрғалиев деген ағайы болды. Біреуі редакцияда, екіншісі аудандық баспахананың директоры. Амангелді домбыра, баян ойнайды, онда сонымен қатар бірнеше мамандықтың куәлігі бар, солар бойынша да жұмыс істей береді. Мысалы, институтты бітіріп келген физик мұғалімдердің кез-келгені выпрямительді қолдан-жасай береді, ал ол болса оны қолдан істеп алады да тоққа қосып, аккумуляторын қуаттандыра береді. Қанша жылылық керек екендігін тұрақты реттеп, инкубатордан тауықтың балапандарын да шығарады.

Жоғарыдағы музыка аспаптарын көсілте ойнап ән шырқайды. Амангелді ағасының осы бесаспаптығына арнап Нәкен:

Ардагер Амангелді ердің ері,  
 Шығады баян тартса ащы тері.  
 Баяғы Ақансері болмаса да,  
 Бұл өзі Кокпектіде нағыз сері- деген екен.

### 30. Үнемі аққу болмайсың

Нәкен Серікбаевтың газетке «Махаббат нұры» өлеңі жарияланды. Оған аудандық мәдениет үйінде істейтін Н.Шапатов ән шығарды. Өлең шумақтары:

Жан-жарым махабаттың нұры өзіңсің,  
 Құлпырған қызғалдағым гүл өзіңсің,  
 Ғашықтар дастанында айтылатын  
 Ай менен көгімдегі күн өзіңсің.

Сырларым жатыр менің тілегімде,  
Түсірген таң сәулең бар жүрегімде.  
Тағдырын ақ жібекпен жалғастырған,  
Аққуым өзің ғана бұл өмірде.  
Аяулым домбырамен айтар әнім,  
Атыңды сан мәртебе қайталадым.  
Бөлісіп көңілімнен сырларымды,  
Бақытқа өзіңменен жол табамын –деп жазылған еді.  
Сол туындыны алғаш рет мәдениет үйінің ерлі-зайыпты  
әншілері Гүлзира Зарипова мен Қайрат Әткешовтер сахнада  
орындағанда Нәкен мен Бақытжамал гүл сыйлады. Бір әуен  
шығарылған туындыны көрермен жақсы қабылдаса қайта-  
қайта орындала береді емес пе?!

«Махаббат нұры» әні 8 наурыз мерекесінде сахнада  
қайтадан орындалды. Соны Нәкен мен Бақытжамалдың аса  
сыйлас көршісі Рәш (жұбайы Галок-Қажымұрат Хасенов)  
тындап келіп, үйінде шай ішіп отырғанда Бақытжамал  
барады. Сонда Рәш:

- Ой, апай, жоғары шығыңыз. Мен жаңа мәдениет үйінен  
келдім, Нәкен ағаның өлеңіне жазылған әнді орындады ғой.  
Сізді аққуым деп айтатынын содан білдім- дейді көңілдегі  
сырын ашып.

Сонда Бақытжамал сабырмен:

- Өлеңдегі теңеу тамаша ғой, шіркін, бірақ үнемі аққу  
бола бермейсің, кейде көгалда жайылып жүрген қазға  
ұқсаймыз ба, әлде батпақтың суын барқылдап кешіп жүрген  
үйрек болып қаламыз ба, кім білсін- дегенде Рәш:

- Ой, апай бізді күйеуіміз ең болмаса көңіл үшін, не  
мысығым, не күшігім деп те еркелетпейді ғой, амал бар ма?!-  
деп ішкі ойын айтады. Осы орайда «жақсы сөз жан» семіртер  
деген нақыл еске түседі.

### 31. Нәкенге арналған әзіл.

Біздің кластасымыздың қаламдас жолдастары өте көп, олар ақын-жазушылар, журналистер. Солардың ішінен республикалық «Ара» (Шмель) журналында істейтін айтыс ақыны, сатирик Тоқтархан Шәріпжанов Нәкеннің үйіне келеді. Ертеңінде таңғы шайды ішіп отырғанда Бақытжамал Нәкенге:

-Нәкен, сорпа ішесіңбе жылытайын, әйтпесе итке құямын,-дегенде қатар отырған Тоқтархан:

- Келін қарағым, бір-бір кесе ысытып бер, содан соң қалғанын итке бере бер,-депті күлімсіреп.

-Итке құям деп нем бар еді, ойпырым-ай, ұялғаным-ай-дегенін Бақытжамал әлі күнге есіне алады. Сол күні аудандық ауылшаруашылығының бөлім бастығы Зекен Қалиевтың жұмыс көлігімен «Үлгілі малшы» совхозына Тоқтархан, Нәкен іссапарға аттанды. Сол жақта Тоқтарханның туған ауылы Қойтас бар, соған барып сәл дем алады. Содан соң Тоқтархан жанындағы Нәкенге:

-Сен құстас дегенді білесің бе? Мынау соның өзі- дегенде Нәкен:

-Е, мұны білемін, бұдан ұршық жасайды, ертеде болыстар мөр жасатқанын да әкем Қалиолла айтқан еді,-деп жауап береді. Осы тілдесуден соң Нәкен сол өзен аңғарынан оншақты дана әр түрлі бейнедегі құстастарды жинап алады. Ондағы Нәкеннің ішкі ойы:

-Тоқтархан аға шай ішіп отырғанда да темекі тартады, біздің үйде құлсалғыш жоқ, мынадан соны жасап алдына қояйыншы,-деген еді.

Үйге келген соң ағасына көрсетпей машинасының гаражына барып ыңғайлы құстастан құлсалғышты қашап жасайды да шай ішкен кезде үстел үстіне қояды. Оған көзі түскен Тоқтархан танданып:

-Зекен ағаң еш нәрсеге назар аударған жоқ, қанша айтқанмен сен эмоцияның адамысың ғой, рахмет!-деп, темекісінің күлін жасаған құстасқа салады.

Ертенінде Токтархан құстастан жасалған құлсалғынышты алып алады, Нәкен екеуі редакцияға барады. «Жұлдыз» («Звезда») газеті редакторының орынбасары, атақты айтыскер ақын Қалихан Алтынбаев қызмет істейді. Нәкен өзінің жұмыс бөлмесіне барады да содан соң әңгімелесіп отырған ағаларының жанына барады.

Токтархан:

-Қалеке, мен осы жолы туған жерім Қойтасқа да барып қайттым. Сондағы өзен арнасынан Нәкен мына құстасты алып маған құлсалғыш жасап берді,- дейді. Осы сәтте құлсалғышты қолымен жылжытып анықтап қараған ақын:

Токтарханның құстасы,

Адам атаның тұстасы

Жона берсе шығар ед,

Талай заттың нұсқасы.

Нәкеннің тиді қолына

Құлсалғыштың ұстасы,- деге бір шумақты табан астында суырып салып айтады. Шын ақындық өнер сипаты осы ғой.

## 32. Оны қайтемін?

«Үлгілі малшы» ауылындағы халық театры атағы бар мәдениет үйінің директоры, Бүкілодақтық халық өнерпаздар байқауының дипломанты, режиссеры «Үлгілім-жыр гүлім» өлеңдер жинағының авторы Төкен Асылханов, Нәкен Серікбаев, совхоз кәсіподақ комитетінің төрағасы Сайлау Баспақов Сарышығанақ өңіріндегі малшылар ауылын аралайды.

Олардың өмірінен деректерді жинақтап болып қайтар уақытта күн еңкейіп кетеді. Бұлар енді Ертіс жағасындағы

балықшылар үйіне бұрылып тоқтайды да сонда дамылдап қонуды ұйғарады. Машина моторының гүрілінен қорушы жігіт сыртқа шығады. Ол ішнен:- ЕҒ-84-14 нөмірлі қара көк жигули таяп қалды ғой, бұл біздікі емес бөтен, қайдан келе жатыр?- деп ойлады. Көліктен алдымен түскен Төкен ақын, жігіт алдымен соған, одан соң бізге амандасты. Төкен оның жақсы танысы екенін біліп тұр ол:

-Мына кісі алыстан келген қонақ. Сен шай қойып жібер – деді. Жігіт сөзге келген жоқ, газ плитаға шай қойды. Келгендер үйдің төргі бөлмесінде ағаш үстелдің орындығына отырды. Үйдің іші толған қара шыбын, бірі ұшып, бірі қонады. Жігіт үстел үстіне нан турады, қуырылған балық, қайнаған шәугімді де қойды. Барлығы дуылдаған шыбынды үркіте отырып шай ішті. Төкен бір сауыттың қақпағын ашып стакан жағалатты. Шай ішіліп болған соң олар карта ойнауға кірісті. Нәкен карта ойнаған жоқ.

-Мен сыртқа шығып келейінші,- деді оларға. Ол бірден жағалау жаққа бет алды. Үйдің батыс жағында үкілі қамыстар өсіп тұр. Нәкен Ертіс жаққа беттеп жатаған құм төбешікке көтерілді. Онда ақ отын, жусан, жалпақ қияқ қалың өседі. Төбешіктің басына шыққанда оның көзі дарияның толқып жатқан кең айдынына түсті, төменде кемер жарлауыт. Жағалауда үш жерде ау құрулы тұр. Оған таяу қаңтарулы қайық су бетінде қалтылдайды. Көкжиекке еңкейген күн барған сайын қызаруда, тіпті төмен қарай жылжығаны білінеді. Қызыл шұғыласы ажарланып айқындала түсуде. Оның аспандағы бұлтқа түскен сәулесінен құбылған бояу байқалады. Күн төмендеген сайын дөңгеленгені айқындалып, қызыл шұғыласы күңіrentіп қоюланады, бұлттағы реңдер өзгеріп көз тартады. Сөйтіп, сұлу суреттерді көз алдыға әкелген күн шары көкжиекке бірте-бірте төмендей батып сәулесі солғындағаннан-солғындап көрінбей көзден ғайып

болып барады. Іңір түсіп, ымырт қараңғылығы қоюлана бастады. Сол сәтте Нәкеннің ойына:

-Шығыста жеті жұлдыз бар, соның ең солғын сәулесі бар біреуі болсам-ау- деп армандайтын неміс ақыны Гетенің «Жарық дүние-ай, жарығың көп болсыншы жарығың... жарығың көп болсын!» деген қанатты сөз оралды.

Ол қайта келсе үйдегілер картаның қызығына әбден батқан. Шам жарығынан қаймыққандай қаптаған бағанағы шыбындар үйдің төбесіне, қабырғасына жыпырлап қонып қалыпты. Енді оның есесіне сары масаның ызыңы дегеніңіз құлақ тұндырады. Карта ойнаушылар олардың мазалағанын елейтін емес. Үстіне қонса үркітіп қойып, ойындарын жалғастыруда. Жүз граммдатып та қояды. Бір кезде Нәкен карта ойнап отырған қорықшы жігіттен:

-Бауыр, мұнда жалғыз тұрып жатырсың ба? Үйлендің бе?- деп сұрағанда ол:

-Иә, жалғыз тұрып жатырмын. Үйленген жоқпын, оны қайтемін?- деп жауап берді. Карташылар қатарынан артық қалған Нәкен бұл сөзді естіп күлді. Одан соң ол Төкенге:

Аймаққа аты шыққан ақын Төкен,  
Үлкен мен кішіге де жақын Төкен.

-Оны қайтем, аға-дейді інің бұл,

Жігітке айтпайсың ба ақыл, Төкен,- деген бір шумақты жазып досына ұстатады. Төкен бұл өленді жерден алтын тапқандай қолына алып жанындағыларға оқып береді. Өздері қызып отырғандар мұны естіп ду күледі. Ойнап отырған Төкен жігітке қарап:

-Әй, бауырым, мынау ағаң Нәкен Серікбаев ағылескер ақын, бекер адам емес,- деп айтты да, одан соң Нәкенге -бұл дәндемей жүр, енді бұл істі өзім жүзеге асырамын, тойға келесіндер,- оны қайтемін?- дегенді дәндеген соң біледі- деді сөзін аяқтап. Сол сәтте Нәкен:

Өленді айтқан жақсы үйренген соң,  
Шығады іштен шерің күңіренген соң



Арпа жеген аттай боп аңсайды екен,

Бір жатып қалқатаймен үйренген соң- деген өлеңді құлағына құя бер,- деді Төкенге. Ол сөзін одан әрі жалғап:- өзіміз ешкім үйретпей-ақ атқа мініп едік, содан әлі түспей келеміз,- деп жұртты ду күлдірді.

Ақын Төкен Асылхановтың «айыр құйрықты шаян» шақта тілі бар. Ол тағы да тыныш отырмай:

-Ұрғашынікі алаған,

Таба алмайсың даладан.

Жаман болса ол неге.

Бұқа иіскеп, теке неге жалаған?- деп айтқанда мынауың естімеген өлең екен десіп мәз бола ду күлісті.

-Өзің карта ойнатпай қойдың ғой,-деді біреуі көзінің жасын сүртіп.

### 33. Тозақтан қашу

Нәкеннің бір жолдасы оған келіп әзіл әңгіме айтады.

- Сұңқар қоразға келіп, сен жақсылықты білмейсің. Адамдар сені күтіп бағады, ал саған жақындайын десе тұра қашасың. Мен жабайы құспын маған тамақ берсе аңға түсемін,- дегенде қораз:

-Сен істікке ілінген бір сұңқарды көрдіңбе? Мен шанышқыға шаншылып, отқа қақталған талай қоразды көрдім. Сен сөйтіп отқа пісіріліп жатқан бірде бір сұңқарды көрдің бе? Өрине жоқ, мен бірінші олардың тамағын жесем, екіншіден тозақтан қашып жүрмін ғой- деген мысалды айтады. Мұны естіген Нәкен:

-Дей көрме мұның өзі қайдағы өлең,

Осында жатыр талай ойлар ерен

Ұшқан құс, жүгірген аң, судан балық,

Адамдар ұстаған ғой айламенен,- депті.

Өмірде әзіл мен сабырлы ойлар кезектесіп отыратыны шындық.

### 34. Бозару

(Сатирик журналист Тілеген Ахметовке)

Сын садағын аямай түйрейтін Тілегенге қаңтар айында Нәкен телефонмен хабарласады. Тілдесу арқылы шаруасын бітірген Нәкен сөз арасында:

-Аяз қатты боп тұр ғой, үй жылы ма?- деп сұраса ол:

- Суықтау- дейді.

Сонда Нәкен:

- Сын садағын кемшілікке жаза ғып
- Газеттерден жүрді ұдайы сөз алып,
- Дабылынан түк шықпады ақыры
- Суық үйде тоңып отыр бозарып- деген екен.

### 35. Өзің жазып...

Көкпекті ауданында колхоз кәсіподақ комитетінің төрағасы Қабдыкеш Нәкеннің жолдасы. Шаруашылық басшысы газетке жазылуды соған тапсырған. Ол аудан әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы Нәкен Қалиолла ұлына келіп аман-саулықтан соң:

Газетке жазылу баяу жүріп жатыр, келесі айда көбейеді,- деп жұмыс бабында сөз қозғайды. Содан кейін ол Нәкен алдындағы жаюлы жатқан газетке көз салып:

-Немене, өзің жазып, өзің оқып отырсың ба?,- деп әзілдей сұрағанда оған:

Енді қайтеміз Қабдыкеш  
Газеттің қамын ойла шын.  
Сен осылай созып жүргенде  
Ешкінің құйрығы көкке  
Түйенің құйрығы жерге  
Жетіп қоймасын- деп ескерткен екен Нәкен.

### 36. Серік Бағадаевқа

Нағыз өнер иесі- Серік Бағадаев. Ол Семейдегі пединституттың тарих факультетін тамамдаған соң Аякөзде еңбек жолын бастады. Одан соң Көкпекті ауданында мұғалім болып зейнеткерлікке шықты, бүкіл өмірін адал еңбекке арнаған ол әлі де жұмыстан қол үзбеуде. С. Бағадаев жоғары оқу орнының көркем сурет сызы факультетін оқып бітірмесе де өз талантымен таныла білді. Ол суретші, мүсінші, кез-келген көрнекі құралдарды жасай біледі. Шәкәрім ақынның 150 жылдығында оның суретіне қарап отырып мүсінін тұңғыш жасаған талант.

Аудан әкімдігінің бірінші қабатындағы ерлік аллеясындағы, мәдениет үйінің маңындағы, экологиялық тақырыптағы басқа да көрнекі құралдарды сол жасады. Жаңа жыл сайын мәдениет үйінің алаңындағы әзірленген «Ертегілер қалашығы» неше түрлі аңдардың мүсінін қар мен мұздан жасайтұғын да Серік Бағадаев. Осындай өнері үшін Серікке Нәкен:

Білмейді бұл Серігің тыныстауды,  
 Бар істі ретіменен дұрыстайды.  
 Сурет сап, мүсін жасап тыным таппай,  
 Қыста қар, жазда балшық уыстайды.  
 Жасаған заты қолдан әрленеді,  
 Бәрі де маңайына әр береді  
 Еткендей аңызды арқау істеріне  
 Жансызға жыбыр-жыбыр әр береді- деп өзіл айтты.

### 37. Сеніп қалдым.

Аудандық «Жұлдыз» газетінің жауапты хатшысы Қажет Сатыбалдин Көкпектідегі балалар үйіндегі алаңда көрнекі құрал суреттерін сызып жатады. Балаларға домбыра үйретуші

Нұрлан Қожықов мұғалім оны күнде көреді. Сол жерде оған Нәкен жолығып қалады. Нұрлан одан:

-Мынау кім?- деп сұрағанда:

- Кореец – деп жауап береді.

- Қарашы, өзге ұлттың өкілдерін, осылай табыс табады,- деп ішінен ойлайды.

Содан енді Нұрлан сабағының бір үзілісінде сурет сызып жатқан «кореецтің» жанына барып, орысша амандасса, ол да сол тілде жауап береді. Одан соң оған Нұрлан тағы да орысша сұрақ қоя бастағанда, сызған суретін тоқтатып:

-Ой, мен қазақ емеспін бе? –дегенде Нұрлан ыңғайсызданып қалады да:

-Қайдан білейін, әлгі Нәкен айтып еді солай деп- дегенде Қажет:

-Айта береді, оның алдамшы қалжыңы таусылмайды- депті.

Сонда Нұрлан:

-Қайдан білейін, сеніп қалдым ғой оған- депті.

### 38. Ит сияқты.

Нәкеннің бір жолдасы әңгімелесіп отырып сөз арасында:  
Ит арыстанға келіп,

-Қане, күресейік!- депті. Арыстан оның сөзіне пысқырып та қарамайды. Сонда ит:

-Мен қазір бүкіл дала аңдарына Арыстан меннен қорықты деп жар саламын- дейді.

-Мейлің, мен оған көндім. Итпен алысты дегеннен гөрі осыным артық,- депті Арыстан. Осы мысалдың төркінін ұғынған Нәкен:

Оқиғалар талй-талай өтті ғой,

Мақтаншақтар мықтыларға сөйтті ғой

Ой мен қырда үрушілер батыл боп

Тым кейіп ит сияқты кетті ғой- депті.

### **39. Шандыр.**

Нәкенмен бірге істейтін мұғалім келіншек одан:

-Қарызға ақша бере тұрыңызшы, - депті. Сонда ол оған:

-Ақша жоқ, өлең бар десе, - десе келіншек:

-Өлеңнің керегі жоқ. Көрдіңіз бе моншағым қандай?- деп сұрапты. Сонда Нәкен Сәулеге:

-Моншақты әйелдер сән үшін тағады. Мен өзі жиырма алты түрлі асыл тастың атын білем олар: інжуан, інжу, меруерт, маржан, бакалшақ, ұлутас, ақық, жамылғы, құлпырма тас, тана, мөрлі жүзік, кәукер, жақұт, лазурит, ақтас, алмас, зүбәржат, зәмәртас, ишімтас, дәурия, лағыл, кәріптас, мәрмәр, мөлдір тас, моншақ, фируза. Ал, енді моншағың тамаша екен. Қазір әйелдер көйлегіндегі жаға ашықтау болып тігілетін үлгі шықты, одан төс омыраудың жаға жағы көрініп тұрады, - деп келіншектің моншағын ұстап көргенде қолының сырты омырауға тиіп кете жаздады. Келіншек оған әзілдеп:

-Омырау шандыр болды, дәл көйлегім үлкен боп қалды дегенде Нәкен:

Қалайын Сәуле айтып жыр,

Моншағың көзді тартып тұр.

Шандыр болса да омырау

Қарашы қолды тартып тұр, - деп мақтағанда әйел мәз болыпты.

### **40. Қорқу.**

Мал дәрігері болып істейтін жолдасы Төлтай Нәкенге:- Мен ферма басқарушысы болдым. Бұл жұмысты үш-төрт жылда үйреніп кетемін ғой, - дегенде оған:

-Соншама уақыт үкімет соған қарап отырмайды. Тіпті бір жылдың өзінде төл алу, егін салу, ет тапсыру жоспарланын орындамасаң жағдайың мынадай болады деп төмендегі өлеңді жазыпты:

Бюроға түсіп,

Коммунистіктен шығасың,  
Сонда барып,  
Мән-жайды ұғасың,  
Жұмыстан босап,  
жауапқа да тартыласың,  
Шіркін, бостандық деп  
Шарқ ұрасың, - дегенде  
Төлтайдың маңдайынан  
Шып-шып тер шықты.  
-Ой, не дейсің? - деп  
Зәресі ұшып кетті.  
Қорқыныш торы,  
қысып кетті  
Ет жеп отырған  
Төлтайдың қолынан  
Арақ толы стакан түсіп кетті.

#### 41. Ұяты бар қасқыр

Нәкеннің бір әңгімешіл досы әзіл айтқанға құмар. Сол бір кездескенде:

-Қасқырға біреу сен жуықта бақташы боласың деп айтқан екен. Сонда ол жылап жіберіпті.

-Ой, саған не көрінді?-деп сұрағанда Қасқыр:

- Жалған сөзден жаным тітіркене қорқады. Мен шындықты сүйемін ғой,- деген екен дейді досы, сөзін аяқтап. Мұны естіп отырған Нәкен:- өзінің ұяттысын қарашы! – депті.

#### 42. Бәріне не болған ?

Нәкеннің інісі Кіна (Қайнолла) Көкпекті ауданының Ұзынбұлақ совхозында мал дәрігері, бөлімше басқарушы болып істеді. Ол бір жылы соғымға сиыр сойып берді. Біршама уақыттан соң отағасы соғымның басын үйтіп бұзды,

тегенеге салып жуды, жағын айырды. Жанына Бақытжамал келгенде ол:

- Мынаны қарашы әбден қартайыпты, маңдайында бір тісі жоқ,- дегенде зайыбы:

- Ойби, енді болмаса шөп жей алмай өледі екен ғой деп сеніпті.

Жұбайы жымың етіп күледі, оған Бақытжамал назар аударған жоқ. Жазда көже-қатыққа Нәкен бір серке әкеліп сояды, оның да басын үйтіп, тіл-жағын айырғанда зайыбына:

-Мынау да қартайған екен деп үйітілген бастың үстіңгі иегін көрсетеді. Сонда Бақытжамал таңданып:

-Мұның бәріне не болған? Қыстағы соғымның иегін де көрсеттің ғой қартайған екен дейді. Сонда от ағасы күліп жібереді, одан соң:

- Қой, ешкі, сиырдың үстіңгі иегінде тіс болмайды. Олар астыңғы иегендегі тіспен шөпті үстіге көтере үзіп жейді,- дегенде Бақытжамал.

- Е, сен сендіріп қалжыңдап жүр екенсің ғой,-деп жымияды.

### 43. Жасырын әзіл

Мектепте мұғалімдер жиналысы болып жатыр. Оны жүргізуші директор жұмыс жағдайын айта келіп Викторға шүйлікті.

-Әлі күнге дейін НВП кабинетінің терезесіне тор салынған жоқ. Анау алынған автоматтар мен оқтар жоғалса, сенің емес алдымен менің басым кетеді. Ұқтың ба, Виктор, қашан терезені саласың?-деп сұрағанда қазақшаға судай Виктор орнынан тұрып:

-Осы жиналыстан соң жасаймыз, сварщик келеді- деп орнына отырды.

Мектеп басшысының жаңағы сөзін тыңдап отырған Нәкен қолына бір жапырақ қағаз алды да оған:

- Кетсе директордың басы кете берсін, ал Виктордың басы өзінің орнында қалады,-деп жазды да, ол алдындағы орындыққа басын бұғып шиқылдап күлді.

Сәлден соң ол қағазды жанындағыға берді, бұғып шиқылдасып.Сөйтіп қыдырған тілхат мұғалімдерді аралап күлдіре берді. Соны байқаған директор ренжіп:

-Жиналыста бұл не деген күлкі?-десе ешкім үндемейді. Ия, сыныптасымыздың осындай жасырын әзілі бар.

#### 44. Жас иіс

Сыныптасымызға таныс бір келіншек ажырасып басқа жігітке тұрмысқа шығады.Сонда оған Нәкен:

- Жас иіс қалай екен деп сұраса келіншек жауап берудің орнына: -Қойшы өзің сөйлемей- деп, күле беріпті. Ақыры сөйтіп жауап бермеген соң оған Нәкен:

Айтайын өлеңменен мына сәтті,

Кұлпырып кетіпті ғой өңің қатты.

Белгілі жас иіске сүйсінгенің,

Кеткен соң қайта бастап бастап махабатты- депті.

#### 44. «Әділ» жеу

Нәкеннің әңгімешіл досы тағы да кездесіп, тыңдашы:

-Арыстан, қасқыр, түлкі аңға бірлесіп шыққанда өгіз, серке, серке, қоян ұстап алады. Арыстан олжаны қасқырға: «бөл!» дегенде ол:

-Өгіз үлкен сіздікі, серке маған, қоян түлкіні болсын!- дегенде Арыстан оны жақтан бір тартады, сеспей қатыпты. Енді Арыстан түлкіге «бөл!» дегенде ол:

-Қоян сізге сәскелік, өгіз-түскі тамақ, серке кешкілік ас болғаны жөн ғой-депті. Сонда Арыстан:



-Ой, түлкі мұндай әділдікті қайдан үйрендің? - дегенде: қасқырдан үйрендім –депті. Бұл мысалды естіген Нәкен: Жеу дегенің болған ғой баяғыдан, Ойды түй арыстанның сабағынан- депті жолдасына.

#### 45. Заманақыр

Нәкеннің бір әнші жолдасы оған сөзарасында «Заманақыр болғанда су тартылар, Қарап тұрған жігітке қыз артылар...» дегенде Нәкен: -Содан ба екен кей қыздар осы күнде, жігіттерді саунаға шақырар, серуенді қатырар!- деп жалғастырыпты.

#### 46. Газет оқи ма?

Сенбі, жексенбі күндері жұмыстан бос болатын Нәкен «Ұзынбұлақ» совхозында тұратын ата-анасы Қалиолла мен Нұржамалдыкіне барады. Мезгіл октябрь айы болатын. Қыс дегенің қыр астында. Шай ішіп отырғанда әкесі Нәкеннен:

- Әлгі жалғыз сиырға шөп түсірдің бе? - деп сұрағанда ол төмен қарап:
- Жоқ- деді

Әкесі сонда:

-Немене, ол қыста газет оқып отыра бере ме? - деп сұрағанда әзілкешіміз жауап бере алмады.

#### 47. Шекара бұзу.

(Бақытжамалға)

Тарбағатай тауының құзы көп тым,  
Ерімейтін қары мен мұзы көп тым,  
Соғатұғын желінің сызы көп тым,  
Ресейде туған қызға ғашық боп,  
КНР-дан шекараны бұзып өттім- дегенде әзілі бар Нәкеннің.

\*\*\*

Бір өзінде екі қыздың аты бар,  
Қолында Нәкен Серікбаевтың жазған хаты бар  
Жанжар алсаң дәл осындай жанжар ал,  
Әйтпесе жатып ал!- деп те айтқан ол.

\*\*\*

Талай әзілді қойын дәптеріне жазып немесе айтып жүрген  
Нәкен:

Дей алмаймын мендағы жарып жүрмін,  
Жанымды бір еңбекпен бағып жүрмін  
Тауысып көздің майын қалам ұстап  
Титықтап ерқашты боп арып жүрмін,- деп мұңды  
сырын да қағазға түсіріпті.

(29.04.1999ж)

### Айтыс

Нәкен:

Күмбірлі домбыраны қолға алайын,  
Толқынды жырымды айтып толғанайын.  
Сұлу боп кетіпсің ғой бұрынғыдан,  
Жан жарым, Бақытжамал айналайын.

Бақытжамал:

Мендағы бір ақындай сезімдімін,  
Қайтарар сөйлейтұғын сөзімді кім?  
Он жылдай үйленгелі болып қалды,  
Қалайша түсіп отыр көзің бүгін?

Нәкен:

Еркектің бөрік киген намысы бар,  
Жүргенге жөргем деген табысы бар  
Түтінім ұшып –ақ тұр түзу бүгін,  
Өзірге бір мінім жоқ жағымсынар.

Бақытжамал:

Айтатын өлеңіңе мейір қанды,  
Ілезде әкетесің үйіріп жанды  
Нұрлыжан, Ақылжанды, Асылжанды  
Айтпастан шұбыртасың лирикаңды.

Нәкен:

Солар ғой өмірдегі бағым, барым,  
Бірі қыз, бірі ұлым жалындарым.  
Жұлдызым тек осылар жарқырасын,  
Айтылған қуанышты сарынды әнім.

Бақытжамал:

Ол рас ән өлеңді сарындаттың,

Өнердің бар екенін пайымдаттың  
Алыс пен жақындардың басын қосып,  
Шайымның қашандағы дәмін таттың.

Нәкен:

Иә, солай самауыр қайнап тұрсын,  
Балалар отбасында ойнап жүрсін  
Келіні Көкпектінің Бақытжамал  
Жұлдыздай сәуле шашқан жайнап жүрсін.

Бақытжамал:

Сөзінде ойларыңның ашығы бар,  
Түйінді арқауланған асылы бар.  
Өлеңің әйтседағы өткір болсын,  
Сүйсініп кәрі ұғынар, жас ұғынар.

Нәкен:

Бұл Нәкен мақтау айтса уақыт табар,  
Шабыттың шәрбаттарын татып қалар.  
Аты бар бір өзінде екі қыздың,  
Сирек қой сендей адам Бақытжамал.

Бақытжамал:

Көрсетші ап ендеше күтімді,  
Айқындап ойыңа алған бекімді,  
Ақ бұлтты орамал ғып бересің бе?  
Ерекше іс атқарып бір ұтымды?

Нәкен:

Барайық Қалбатауға қалқатайым,  
Шашыңды самал желге таратайын.  
Өзіңді биіктерге қаратайын  
Мендағы жаңа шабыт оятайын.

Бақытжамал:

Әйтеуір, ой жүйесін таба білді,  
Өлеңнің оттарын да жаға білді,  
Көтеріп әкеттің ғой мені мүлде  
Тигізбей жерге мүлде аяғымды.

Нәкен:

Ендеше жерге сені қондырайын,  
Ұғатын сезімталсың ойды дәйім  
«Би» күйін Жұбановтың шертейінші  
Дауысын тыңда ендеше домбыраның.

Бақытжамал:

Ақынсың жастайыңнан өлең қонған,  
Лапылдап көкейінде алаулы арман.  
Бата алып Қалиханнан жолынды аштың,  
Өрлеуің мен білетін солай болған.

Нәкен:

Айтса егер шыға берер тосын өлең,  
Көңілдің жарасымды хошыменен.  
Бірталай кезектесіп ой тараттық,  
Айтысты тоқтатайық осыменен.

1985 жыл.

## Ақынға ақын тіл қатар.

1998 жылы 3 шілдеде ақын ағамыз Хамит Балшабековтың «Қартайыпсың дейсің-ау!» деген осы өлеңі «Дидарға» шықты. Ойдан ой өрбітетін белгілі қаламдастың бұл туындысына орай төмендегі жаңа жылдық әзіл лебізді шумақтарын авторға арнаймын.

Ардақты Хамит аға бір асыл ең,  
Өмірдің өттің тегіс, қиясымен.  
Басқандай тайға таңба түсірдің жыр,  
Өткір тіл, өшпес қалам сиясымен.

Жан –аға қамықтың-ау расымен,  
Шаң жұқпас өршіл едің, құлашы кең.  
Сараптап өзің айттың бар шындықты,  
Қартайдың білем кімнің кінәсінен.  
(Қартаймас жаратқанның құдасыма-ең?)

Өзіңе арнай тұғын назым осы,  
Толықсып тұра берсін жазың осы.  
Жалғассын шертілетін сазың осы,  
Қомақты болсын ұдай жазу осы.

Әр тайған аңғарама шырайды елі,  
Бұл Хамаң бәріне де шыдай берді.  
«Адамдықтың ақ жолы-құдай жолы»,  
Баршаға сонысымен ұнай берді.

Хамаңнан жыр самалы есіледі,  
Ширыққан мұң түйіні шешіледі.  
Маңырақ, Тарбағатай Майлы тауын,  
Бір өзі шынтаққа алып көсіледі.

-Қартайдым-, деп күңіренген ағамызға,  
 Үндемей жаңа жылда қаламызба?  
 -Алдыдан жақсылықтар болады,-деп,  
 Орнықты берік сенім санамызда.

Қоян жыл жаңа сыйлық тосады екен,  
 Несібе дастарханға қосады екен.  
 -Уа, Какә! Қысталаң кез бітті- дейді,  
 Сандығын Қарынбайлар ашады екен.

Обырлар бытырап бір босады екен,  
 Тобырлар тым-тырақай қашады екен.  
 Бұзылып ұялары жат қылықтық  
 Содырлар елден ада жосады екен.

Еңбекшіл алға қадам басады екен,  
 Көздеген белесінен асады екен.  
 Жұт болмай, қоян жылдың құты тасып,  
 Уыстап ризығын шашады екен.

Көз көрген қала менен дала мекен,  
 Оңалып өзгермекші ала бөтен.  
 Егісте егін өссе, өрісте мал,  
 Көбейіп төліменен толады екен.

Шөп басы айыр шығып сая мекен,  
 Құлпырып өзгеше бір қалады екен.  
 Көбейіп құлшыныстар бірді-екі қып,  
 Еңбектен рахатын табады екен.

Осылай жігер отын жағады екен,  
 -«Жүргенге –жөргем» сөзге нанады екен.  
 -Алма піс,

### Ақынға ақын тіл қатар.

1998 жылы 3 шілдеде ақын ағамыз Хамит Балшабековтың «Қартайыпсың дейсің-ау!» деген осы өлеңі «Дидарға» шықты. Ойдан ой өрбітетін белгілі қаламдастың бұл туындысына орай төмендегі жаңа жылдық әзіл лебізді шумақтарын авторға арнаймын.

Ардақты Хамит аға бір асыл ең,  
Өмірдің өттің тегіс, қиясымен.  
Басқандай тайға таңба түсірдің жыр,  
Өткір тіл, өшпес қалам сиясымен.

Жан –аға қамықтың-ау расымен,  
Шаң жұқпас өршіл едің, құлашы кең.  
Сараптап өзің айттың бар шындықты,  
Қартайдың білем кімнің кінәсінен.  
(Қартаймас жаратқанның құдасыма-ең?)

Өзіне арнайтуғын назым осы,  
Толықсып тұра берсін жазың осы.  
Жалғассын шертілетін сазың осы,  
Қомақты болсын ұдай жазу осы.

Өр тайған аңғарама шырайды елі,  
Бұл Хамаң бәріне де шыдай берді.  
«Адамдықтың ақ жолы-құдай жолы»,  
Баршаға сонысымен ұнай берді.

Хамаңнан жыр самалы есіледі,  
Ширыққан мұң түйіні шешіледі.  
Маңырақ, Тарбағатай Майлы тауын,  
Бір өзі шынтаққа алып көсіледі.



-Қартайдым-, деп күңіренген ағамызға,  
Үндемей жаңа жылда қаламызба?

-Алдыдан жақсылықтар болады,-деп,  
Орнықты берік сенім санамызда.

Қоян жыл жаңа сыйлық тосады екен,  
Несібе дастарханға қосады екен.

-Уа, Какә! Қысталаң кез бітті- дейді,  
Сандығын Қарынбайлар ашады екен.

Обырлар бытырап бір босады екен,  
Тобырлар тым-тырақай қашады екен.  
Бұзылып ұялары жат қылықтық  
Содырлар елден ада жосады екен.

Еңбекшіл алға қадам басады екен,  
Көздеген белесінен асады екен.  
Жұт болмай, қоян жылдың құты тасып,  
Уыстап ризығын шашады екен.

Көз көрген қала менен дала мекен,  
Оңалып өзгермекші ала бөтен.  
Егісте егін өссе, өрісте мал,  
Көбейіп төліменен толады екен.

Шөп басы айыр шығып сая мекен,  
Құлпырып өзгеше бір қалады екен.  
Көбейіп құлшыныстар бірді-екі қып,  
Еңбектен рахатын табады екен.

Осылай жігер отын жағады екен,  
-«Жүргенге –жөргем» сөзге нанады екен.  
-Алма піс,

Аузыма түс,  
Деумен емес  
Қолына тізгін-шылбыр алады екен.

Көңілге бұлбұл құстар қонады екен,  
Қыран көз қиырды алыс шолады екен.  
Түгел боп төрт құбыла тұтасымен,  
Ақындар қартаймайтын болады екен.

Танданба «екендердің» көптігіне,  
Сене бер тиетұғын септігіне.  
Шау тартпас шабыт тілеп жаңа-жылдық,  
Арнайы сәлемім де жетті, міне!

Ағаға іні лебіз тыңдатады,  
Жүрегін тебіrentіп жырлатады.  
Балгер боп өмірімде көргенім жоқ,  
Ақынға ақын солай тіл қатады.

**Нәкен Серікбаев**  
**6.12.1998 ж.**

### Достық өзілдер

**Сатирик журналист  
Кеңесқазы Башеевке**

Түлегі Шыңғыстаудың Кеңесқазы,  
Қаламмен қағида айтқан әділқазы.  
Шірене садақ тартқан шындық үшін,  
Сұрмерген осы ғана қысы-жазы.

**Ардагер жазушы, журналист  
Рагбек Арынұлына**

Оймен шолып өткен кезді, жырақты,  
Көз тұндырған хикаяны шұбатты.  
Тік көтеріп қария кез көк туын,  
Шайын ішпей жазатұғын сияқты.

**«Гүл сезім» новелласының авторы  
Сүйеубай Байқадиұлына**

Биікке сан жазумен өрмеледі,  
Жанына бір тыныштық бермеп еді.  
Шықса да демалысқа қағыну бар,  
«Гүл сезім» толқынында тербеледі.

**«Насыбайдың зияны» туралы мақала жазған  
Тілеген Ахметовке**

Жазатын памфлетті, әрі батыл  
Бұл күнде сол қарқыннан қалып отыр.  
Уқалап насыбайды саптыаяқта,  
Тілеген жалықтастан әлі де отыр.

**Ұстаз, ақын Мақсат Әубәкіровке**

Ол - ұстаз мекені осы – ауыл Жарқын,

Тарайды кірпі шашын самал салқын.

Шәкірттің бағаларын тізіп тастап,

Жүр мекен жырды жазып қаламы алтын.

**«Ертіс өңірі» газетінің бас редакторы**

**Күлия Райысқа**

«Ертіс өңірі» газеті – үн қағазы,

Бетінде қарың түгіл мұз жанады.

Ақтарып әзіл сырды алтын қалам,

Аралап кетті қала, түз даланы.

**Нәкен Серікбаев**

## Өлең хатқа жауап

Әликсалам Нәкендей мырза бала,  
Өлеңмен өз тобынан озған дара.  
Бата жасап, бір қойын жемедім деп,  
Өзілменен газетке жазған бала.

Болсыншы амандықта сөздің басы,  
Сағынсам сорғымайды көздің жасы.  
Демеуші, ақыл қосар дос екен ғой,  
Сияқты мықтап ұстар ердің қасы.

Сұрасам ауылымда елім аман,  
Жігіттер сәлем деді бәрі саған.  
Төрт жылда екі сазан ұстап едім,  
Басы тұр үйде әлі мұжылмаған.

Қуанды сәлемінді Алтын естіп,  
Көтергін әйелдердің нарқын өстіп.  
Өр үнің кеудендегі тасқын болып,  
Даусыңды жатса болды халқың естіп.

Сейпіш жүр сата алмай балықтарын,  
Шақан жүр жемге маз ғып халықтарын.  
Ал Ермек Күлпарашты зорлаймын деп,  
Құтылды малдарының салып бәрін.

Мұхамедиярдың болса да араласы,  
Болыспады қинады сол арасы.  
Әупіріммен әйтеуір қалың ел боп,  
Қасында қалды эзер Фаридасы.

Шуағын жастығына төккен елім,  
Нәкен-ау кімге сірә өкпелі едің?  
Көкпектіге келгенде келмей кеттің,  
Беріктің әкелгенде «Көктерсің».

Рахмет, Нәкен сенің өлеңіңе,  
Сәлем де балалар мен әйеліңе.  
Хат жазып хабарыңды жіберіп тұр,  
Дос қадірін білетін Төкеніңе.

**Т.Асылханов.**  
**Үлгілі- малшы селосы**  
**19.01.2014 ж.**

## ӘЙ ҚУЛАР-АЙ!

(әзіл әңгіме)

Бір бөлмеде төрт жігіт тұрамыз, институттың үшінші курсына оқимыз. Болашақ ұстазбыз. Студенттік жұпыны дастархан дәмі тартса әр тұстан жиналмай ма жігіттер, біз де солаймыз. Бөлмедегі Жұмаш пен Мырзаш Шығыс Қазақстан облысынан, мен Семейлік, ал Қазиды болса Талдықорған жақтан келген.

Бес саусақтың бірдей еместігі тәрізді төртеуіміздің жеке - дара мінезіміз бар, Жұмаш тамақ істеуге епті. Әсіресе ауылға барып қайтқанда қоржын тоқ болады ғой. Сол кезде әкелінген ауыл сарқытынан Жұмаш келістіре ас әзірлейді. Ал, Мырзаш болса ең аяғы шәугімге шай сала алмайтын мөлшерсіздің өзі. Сонысына қарамай магазинге барып азық-түлік алып кел, қағып келге пәлекет. Көк тиынды көлденең кісіге жегізбейді.

Ұзын бойлы кескен теректей Қазидың тұрақты әдеті шалбарының қырын сындырмай киім үтіктеу. Одан қала бере баян тартады. Ал өзім одеялға оранып кітап оқығанды ұнатамын.

Студенттердің жатақханасында түннің бір уақытына дейін тыныштық болмайды. Кезкелген бөлмеде өзіндік дырду, бәрінің себебі бар. Әсіресе мереке сенбі, жексенбіге қараған кештерде бөлмелерде музыка, көңілді ән-күй шалқи түседі.

Ауылға барып келгеніме екі-үш күн болған. Әкелген жылы жұмсақ етті «аспаз» Жұмаш торға салып бес этажды жатақхана терезесінің сырт жағына іліп қойды. Азын — аулақ әкелген тиын-тебеннің он сомын Мырзаш қарызға сұрап алды. Қалғаны қалтада, кезекті сабаққа барып келген соң түстен кейін Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы» кітабын оқып жатқан Жұмаштың болашақ жарға икемдеп жүрген дос қызы маған тілдей телеграмманы ұстата салды. Онда

«Жомарт сағат сегізде вокзалдан тосып ал. Поезбен келе жатырмын. Бәтима» деп жазылған. Оқып шығып сәл таңдандым, ауылда кездескенде кейінірек барамын қалаға деген, соған қарамай міне телеграмма салыпты.

Енді не істейміз- дедім қасымдағы жігіттерге.

-Е, несі бар, барда тосып ал. Осында ертіп кел, жатақханаға кіруге төмендегі кезекшіден өзім рұқсат аламын- деді Қазі.

Уақыт 18 сағат 30 минут. Икемге бірде келіп, бірде көнбей жүрген, кешкі саруенге көңілі соқпаса шықпай, уәделі жерде босқа тостыратын, өзіне ынтызар еткен Бәтима тосып ал деп телеграмма салғанда бармауға дәт шыдай ма!

Бәріміздің танысымыз бөлмеге келсе төртеуіміздің де құрақ ұшып күтетін әдетіміз бар. Ал енді Бәтима келе жатса ондағы жағдай тіпті басқаша.

Сөзге жылпос Мырзаш:

- Мен магазинге барып келейін, дастарханға анау-мынау керек қой, кешке- деді.
- Жарайды- деп мен оған мөлшерлі тиын-тебен бердім. Азық-түлік таситын сумкасын алып, ол жөнелді.
- Мен бөлмені ретке келтірейін. Еден жуып, дастархан жөндеп, - деді Жұмаш көзілдірігін қозғап қойып.
- Кешке біраз отыратын шығармыз, менің баянымды әлгі бір жігіттер сұрап алған. Соны әкелген соң Жұмашқа көмектесемін, сен өзің жылдамдатып барып кел,- деп Қазі сылтау айтты.
- Олай болса жарайды – деп мен асыға киіне вокзалға тарттым.

Қаладағы көше ішінде жүретін автобустың жүрісі өндіген бе, асығып тұрған кезде ана аялдамаға бір, мына жерге бір тоқтайды. «Япырай, таксиге отырмаған екем» дедім іштей қынжыла терезден сыртқа көз салып. Қарасам поездің келетін уақытына жарты сағат бар. Жүрек деген алып-ұшып тұр.



Аялдмаға келген автобустан түсіп, таксиге отырдым. Ол зыр еткізіп вокзалға алып келді. Есеп айырысып одан қала бердім. Әлі жиырма минут уақыт бар. Қалтамнан сигарет алып тұтаттым.

Вокзал маңы ығы-жығы халық. Бәрі де біреулерін тосып, не шығарып салғалы немесе сапарға аттанғалы жүр. Ал, мен қазір қарсы аламын сүйікті Бәтимамды деп ойлаймын. Үстінде анау күні өзім көрген жасыл пальтосы, басында ақ шәлісі бар шығар. Оның сол киімімен жүргенін ұнатамын. Өйткені алғашқы сырласу кешінде жүрегімнің сырын ашқандағы сәтте ол осы киімімен келген. Нәзік саусақты қолының ыстығы қазір де жүрегіме қан соқтырғандай. Сондағы барлық сурет көз алдымда.

Осы ойларға беріліп тұрғанда поездің дауысы естілді. Санаулы минуттан соң келіп те тоқтады. Бәтиманы іздеп жүрмін, жоқ. Менен басқалар тосқандарын жолықтырып тарап жатыр. Әрі жүрдім, бері жүрдім, тосқан қызым кезікпеді, кеш батты. Сонымен жатақханаға қайттым.

Келсем ондағылар жұпыны столды жасап қойған, онан шағын қуырдақ буы бұрқырайды. Туралған қияр, тұздалған балық, қайнаған шәй тәбет шақырады. Екі шөлмектің де мойны қалқып тұр. Күйеу келсе қыз дайын дегендей, жігіттердің төрт көзі түгел мені тосып отыр.

-Бәтима келген жоқ, - деп пәлтемді шешіп шкафқа ілдім. Қалтамнан орамал шытты алып маңдайымды сұрттім. Күлкішіл Мырзаш:

-Қатырдық, қатырдық ғашық жігітті, -деп төсекке жатып алып күліп.

-Бірінші апрельдің аркасында бірталай жерге барып қайттың. Кел, тамақ ішейік, шаршаның ғой, - деді Жұмаш мәз болып мұртын сипап.

Сонда барып бірақ білдім, маған бірінші апрельде ұйымдастырған қулықтарын. Амал не, достар ісі ұтып кетті.

Енді дайын дастарханға телеграмма әкеліп берген бағанағы  
Раяны онымен бір бөлмеде тұратын Баян, Гүлбану, Зейнешті  
шақырдық.

Сол кеш көңілді өтті. Өзілдің арқауы менің аңқаулықпен  
алдануым, махаббат деген осы ғой- деседі, достар күлісіп.

Әй қулар-ай! -деп мен өзім де қоса күлдім.

**Нәкен Серікбаев**  
**1.04.1975 ж.**

## ЖІБЕК ОРАМАЛ (әзіл әңгіме)

Мерекелік күнге арналған газет санын қызықты да жан – жақтылы жанрлы етіп дайындау үшін журналистер тапсырма алды. Сол мақсат бойынша Жомарт пен Назым да бір бағытқа іссапарға аттанды.

Қаладан жеңіл машинамен шыққан олар жер апшысын қуырып жайлау бөктеріне тез жетті. Осындағы жылқылы ауылдағы досынан ат сұрап міндік. Сол көліктермен бұдан әрі тау ішінде, он шақырымдай жерде отырған озат шопан, әрі атбегі не жолығып ол туралы өлең жазу – негізгі мақсаттары.

Екеуі тау жолымен өрлеп келеді. Төскей, сай – сала алуан түсті гүлмен кестеленіп кеткен. Желіп соққан самалдан жұпар иіс аңқиды. Ұшып – қонған көбелектер серуеншіл сипат танытады. Көк шалғын арасынан секіріп ұшқан шегірткелер үні де дамылсыз.

Сәлден соң алдыдан көлденең аққан тау өзені кездесті. Жолама жартастан күркіреп құлаған су дауысы үздіксіз естіледі, оның шетінен жан – жаққа шашыраған тамшылар бейне бір ақ маржандай.

Жомарт пен Назым өткелде ат үстінен өзенге қарады. Су дегеніңіз мөп – мөлдір, түбіне ине түссе көрінгендей.

Өткелдің шұңғылдау орта тұсына келгенде Жомарт бұрылып Назымға:

-Тау өзенінің ағыны қатты, байқа, тізгініңді мықты ұста, атың жалт беріп жүрмесін, - дегенде:

-Сен бар емессің бе? Аттар да бір біріне қара тартады ғой, - деп күлімсіреді...

Олар малына кеткен отағасын тосып, шопан келген соң сұхбаттасып біткенше ымырт үйіріліп, ақыры қонуға тура келді.

Шопанның жұбайы тосыннан келген қонақтарға дастархан жасады. Оған көрші үйдегі келіншек те қолқабыс тигізуде.

Асжаулық үстінде төретабақ ет, қызыл бауырсақ, құрт, ірімшік бәрі Жомарттың пейілді аңғартады. Буы бұрқырап, ызындай дыбысы естілген самауырдың шүмегі делдиіп тұр, оттығының қалпақшасына күміс езулі шәйнек қонақтап қалған.

Көңілді отырыста арақ – шарап та шет қалған емес. Алдымен отағасы, болашақ очерктің кейіпкері тілек айтып төбет аштырды.

Көрші келіншек Күлия стаканына құйылғанды ішкен жоқ, әдетінше сықылықтап күле берді.

Осыны байқаған Жомарт:

-Сіз өте көңілді адам екенсіз. Өзіліңіз де жарасымды. Көңілділік ұзақ жасауға әсер етеді. Мына стакандағыны ішіп қойғаныңыз жөн, - дегенде Күлия оған:

-Мен өзі сондаймын. Бірақ ішпеймін, ішсем күліп қоямын, күлсем көніп қоямын..., - деп өзіне ілестіре отырғандарды қоса күлдірді...

Түн болған соң шопан малын күзетуге кетеді де, әйелі мен балалары төрде текемет үстіне жайғасты.

Үйдің бір жағындағы жалғыз төсекті құрметті екі қонаққа салып берді. Жағдайды көріп отырған журналистер қайтеміз енді ортаға мына газетті (олар газетсіз жүрмейді ғой) тігінен қойып жата кетейік деген пәтуаға келіпті – міс...

Сөйтіп, түнеп шығады, естіген құлақта жазық жоқ. Ертеңінде олар қонған үйіне риза, қошын айтып аттанады. Қайта келе жатқанда кешегі терең өзеннен өтеді. Сол кезде қарсы алдыдан ұйытқып соққан жел бір уақытта Назымның мойнына салған жібек орамалын ұшырғаннан әуелете ұшырып, өзеннің арғы сыртына түсіріпті...

Мұны көрген Жомарт қысылып:

-Япырым – ай, Назымжан, мына желдің ызасы – ай! Мен барып орамалыңды алып келейінші, - дегенде Назым күлімсіреп:

-Қайтесің сол орамалды Жәке, түні бойы бір газеттің арғы жағынан тіл қата алмадың... Енді мына күркіреп жатқан өзеннен қайта – қайта өту оңай емес шығар. Өзіңнен айырылып қалмайықшы, - деп әзілдепті.

**Нәкен Серікбаев,  
Ақын-жазушы,  
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі**

## МАЗМҰНЫ

ӨМІР ӨРІСІНДЕ.....	4
ЖЫЛДАР МЕН СЫРЛАР.....	7
Айтыс.....	57
Ақынға ақын тіл қатар.....	60
Достық әзілдер.....	63
Өлең хатқа жауап.....	65
Әй қулар-ай!.....	67
ЖІБЕК ОРАМАЛ.....	71

**Рысгүл (Рысалды) Ершенова**

**АҚЫН ДОСТЫҢ  
ӨЗІЛДЕРІ**

**Редактор: У. Түкісов**

**Корректор: Б. Айкенқызы**

Теруге берілді 3.08.2013 ж.  
1.07.2014 жылы баспаға берілді  
Офсеттік басылым. 12.55 б. парағы  
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №108

ПК “Семей Печать” ШҚО  
Семей қаласы, Гагарин көшесі, 122 үй.  
Тел. 56-62-18

